

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Смаилова Мария Тагаевна

*«Қазақ даласының айбынды билеушілері» тақырыбы бойынша
9-сыныптың факультативтік курсына арнап жазылған*

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

УДК 94.574
ББК 63.3

Рецензенттер:

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы
«Мектепалды даярлық және бастауыш білім» зертханасының
жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының
кандидаты **Ж.К. Сағалиева;**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін педагогика-
психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ тренері, аға
оқытушы **Ф.Б. Ғалымжанова.**

Қазақ даласының айбынды билеушілері // құрастырушы
автор: **М.Т. Смаилова** – Түркістан облысы, тарих және
қоғамтану пәнінің мұғалімі, 2021. – 80 б.

ISBN 978-601-4502-15-4

Құрастырушы автор 34 сағаттық күнтізбелік-тақырыптық
жоспарлауды оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып
жасаған. Қазақ хандығының қалыптасуы мен құрылу алғышарттары,
сол кезеңдегі хандар мен айбынды билеушілердің саяси өмірі нақты
кезеңдермен түсінікті етіп көрсетілген.

УДК 94.574
ББК 63.3

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы
13 мамырдағы №2 хаттамасына сәйкес сараптау
комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN

978-601-4502-15-4

© «Инновация» баспа үйі, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензенттер:

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы
«Мектепалды даярлық және бастауыш білім» зертханасының
жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының
кандидаты **Ж.К. Сағалиева;**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін педагогика-
психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ тренері, аға
оқытушы **Ф.Б. Ғалымжанова.**

Құрастырушы автор:

Смаилова Мария Тагаевна

Түркістан облысы Сайрам ауданы

«№30 Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі»

КММ тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі

Түсінік хат

Бұл авторлық бағдарлама Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі күрделі кезеңді саралау және Әбілқайыр ханның Қазақстан тарихынан алатын орнын айқындау мақсатында жазылды. Оқытушы бұл бағдарламамен оқыта отырып, курс барысында мына кезеңдерді меңгертуді көздейді:

- Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі қазақ жерінің жағдайы;
- Ақ Орданың құрылуы;
- Әмір Темір билігі;
- Әбілқайыр ханның билік жүргізген кезеңдері мен ұстанған саясаты;
- Керей мен Жәнібек ханның Дешті-Қыпшақтан бөлініп шығуы;
- Әбілқайыр хандығының ыдырауы;
- Қазақ хандығының құрылуы.

Бағдарлама оқушылардың тарих пәнінен білімдерін қалыптастырып, өз бетімен тарихи және саяси оқиғаларға, фактілерге анализ жасауға үйретеді. Осы авторлық бағдарламада Жошы ұлысының қираған үйінділерінде қыпшақтардың ежелгі елін жаңғыртып, Әмір Темір империясына қарсы шығуға аттанған ұлы адам туралы айтылады. Әбілқайыр он жеті жасында хан тағына дейін көтеріліп, әрі қарай өзінің биік туының астында Ұлытау тауларында көптеген дала тайпаларын біріктіріп, Мәуереннаһрға жеңіс маршын жасайды. Ол тоқтаусыз арғымақтардың тұяқ дүбірімен әлемдік тарихты өзгертіп, Еуразия құрлығындағы темуридтердің тұтас әмірлігін біржолата жойды.

Әбілқайыр Шайбанид Жошының тікелей ұрпағы Ұлы даланың кең жазықтарынан шыққан. Оның туа біткен қолбасшылық таланты тарих бейнесін өзгертті. Кең даланың намысқой ұлы темуридтерді талқандады және Сырдария маңындағы қалаларды босатып, тек қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге өзбек этносының да пайда болуының берік іргетасын қалады.

Өткен жүзжылдықтар түнегінде Әбілқайыр Шайбанид

атының ұмытылуы әділетсіз болды. Оның жауынгерлік ерліктері мен игі іс-әрекеттері әлемдік тарихнамадан алынып тасталған. Тіпті қыпшақтар елінің соңғы билеушісінің сәулетті сарайларынан тас та қалған жоқ. Ал оған ұрпағы орнатқан кесене тас талқан болып бұзылды. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда Әбілқайыр Шайбанидтің ұлы атын халықжадында қайта тірілту уақыты келді.

**«Қазақ даласының айбынды билеушілері»
факультативтік курсының мақсаты:**

- «Қазақ даласының айбынды билеушілері» курсы арқылы Қазақ хандығының құрылу алғышарттарын түсіндіру;
- тарихи фактілермен жұмыс жасауға дағдыландыру;
- өз бетінше ізденуге үйрету;
- жас ұрпақтың білімге деген құштарлығын ояту;
- логикалық пайымын арттыру;
- тарих пәні бойынша білімдерін кеңейту.

**«Қазақ даласының айбынды билеушілері» курсын
оқытудың міндеттері:**

- өз тарихын жетік меңгеруге көмектесу;
- рухани құндылығын арттыру;
- талдау жасауға үйрету;
- деректермен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру;
- тарихи даталарды оқушы санасына сіңіру;
- оқушылардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік қалыптастыру;
- өз еліне, жеріне деген құрметін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- балалардың тарих сабағын оқуға деген қызығушылығы артады;
- жан-жақты білімді, іскер, өзіндік ой-талғамы, ойлау, сезіну, есте сақтау қабілеттері жоғарылайды;
- анализ жасауды үйренеді;
- оқушылардың белсенділігі артып, өздігінен жұмыс жасау әрекеттеріне талпынады;
- қосымша материалдарды пайдалану арқылы ізденімпаздық қабілеттері артады.

**«Қазақ даласының айбынды билеушілері» факультативтік
курсы бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау**

Аптасына – 1 сағат. Барлығы: 34 сағат

Р/с.	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1.	Қазақстан кейінгі орта ғасыр дәуірінде	1	
2.	Қыпшақтар елі	1	
3.	Жошы – Дешті-Қыпшақтың алғашқы билеушісі	1	
4.	Дешті-Қыпшаққа еліне моңғол шапқыншылығының әсері	1	
5.	Бату – Алтын Орданың негізін қалаушы	1	
6.	Ұлыстардағы мемлекетті басқару құрылымы	1	
7.	Жошы ұлысындағы бүліншіліктің шығу себептері	1	
8.	Ақ Орда мемлекетінің құрылуы	1	
9.	Ақ Орда мемлекетінің әлеуметтік құрылымы	1	
10.	Алтын Орданың құлауы	1	
11.	Ұлы Барақ хан	1	
12.	Жошы ұлысының ыдырауы	1	
13.	Әбілқайырдың өмірге келуі мен ер жетуі	1	
14.	Әбілқайырдың хан дәрежесіне көтерілуі	1	
15.	Сібірді жаулап алу	1	
16.	Көшпелі өзбек мемлекеті	1	
17.	Әбілқайыр хан тайпаларының көшу бағыты	1	

18.	Көшпелі өзбектер экспансиясы	1	
19.	Хорезмге жасалған жорық	1	
20.	Әбілқайыр хандығының әлеуметтік құрылымы	1	
21.	Шыңғысшылардың бүлік шығаруы	1	
22.	Дала билеушілері Ахмед және Махмұдпен шайқас	1	
23.	Әмір Темірдің ұлдарын жеңу	1	
24.	Дешті-Қыпшақ ханзадасының қайтыс болуы	1	
25.	Әбілқайырдың құлауы	1	
26.	Қалмақтармен шайқас	1	
27.	Қазақ халқының қалыптасуы	1	
28.	Қазақ хандығының құрылуы	1	
29.	Киелі орын	1	
30.	Бір халықтың бөлектенуі	1	
31.	Көшпелі өзбек мемлекетінің ыдырауы	1	
32.	Әбілқайырдың соңғы күндері	1	
33.	Әбілқайыр хан – Дешті-Қыпшақтың соңғы билеушісі	1	
34.	Қорытынды сабақ	1	

Барлығы: 34 сағат

«Қазақ даласының айбынды билеушілері» факультативтік курсы бойынша дәріс материалдары

1. Қазақстан кейінгі орта ғасыр дәуірінде

XIV ғ. – XV ғ. ортасының тарихы кезеңі, моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезең ретінде белгілі болып, отандық тарихта маңызды рөл ойнаған. Өйткені дәл осы уақытта ұлы қазақ халқының қалыптасу процесі өтіп жатқан болатын. Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Моғолстан тәрізді орта ғасырлық мемлекеттердің тарихы, Дешті-Қыпшақ аумағында маңызды оқиғалардың бірыңғай контекстінде дамыды. Моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезең көшпелі және отырықшы-егіншілік халықтың этникалық топтасуымен, сондай-ақ Орталық Қазақстан мен Жетісу дала аудандарының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның оазистерімен сауда байланыстарының өсуімен және қала өмірінің жандануымен сипатталды.

Орта ғасырлық халықтардың қалыптасу жолындағы тарихы үдерістің дамуы аймақтың бытыраңқылығын еңсерудің қиын жағдайларында өтті. XV ғасырда Дешті-Қыпшақтың негізгі халқы өзбек және қазақтарға этникалық межеленіп бөлінді. Әбілқайыр хан мемлекетінің ыдырауы, тайпалардың қоныс аударуы көптеген түркі халықтарының қалыптасуының аяқталуына сәйкес келді. Ең алдымен, осы уақытта әлемдік аренаға қазақтар, өзбектер, ноғайлықтар және тағы басқа халықтар шықты. Қазақ мемлекетінің пайда болуы Дешті-Қыпшақ аумағында болған мыңжылдықтағы тарихы процестердің заңды нәтижесі болып табылады.

Орталық Азия даласында мысырлық пирамидалар, Ежелгі Рим және Грекия, Үндістан және Қытайдың ұлы ғимараттары тәрізді қолдан жасалған монументтерден сақталғаны көп емес. Тіпті, орта ғасырларда кең танымал болған Сауран, Сарайшық, Сығанақ, Отырар сияқты ежелгі қалалардың ескі жұқанасы ғана қалған. Қазақстанның өткенін толық және жан-жақты зерттеу тәуелсіздікті алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын атап өту отандық

тарихты зерттеу үшін ғылыми қызметті жандандыру жолында маңызды серпін берді. Көптеген кітаптар мен ғалымдардың жекелеген зерттеулері ғана қазақ халқының ұлы тарихын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Олар сол ежелгі дәуірлердегі қалалардың ғана емес, сондай-ақ тұтас мемлекеттердің пайда болуы мен қиын кезеңдерде ыдырауының айғағы болып табылады. Өткен күндердің үнсіз куәгерлері – Түркістан, Тараз, Ташкент, Самарқан, Хорезм, Сарайшық және Бозоқ (Астана) тәрізді көне қалалар ғасырлар өте бірте-бірте ұмытылған сол алыс оқиғалардың тарихы туралы бізге сыр шертеді. Қазақстан, Өзбекстан, Түркия, Ресей, Франция, Иран және Қытай ғалымдары қатысқан көптеген зерттеулер жарық көрді. Осы аталған елдерде әлемге танылған шығыстану мектептері қалыптасқан және онда бірегей тарихы мұрағаттар орналасқан. Өткенге ретроспективтік көзқарас көрсеткендей, ұзақ уақыт бойы қазіргі Қазақстан территориясы, оған бірқатар іргелес аумақтар «Қыпшақтар елі» деп аталған. Барлық этнонимдердің ішінде, белгілі себептерге байланысты, бұл далалар «қыпшақтар аумағы» деген атқа ие болды. Әбілқайыр ханның жеке тұлғасы туралы бұл зерттеулер – автордың көптеген ұйқысыз түндері, ізденістері мен толғанысының нәтижесі. Осы тақырыпты таңдау – отандық тарихқа деген сарқылмас қызығушылықпен, сондай-ақ ұлы тарихты зерттеуде жаңа методологиялық тәсілдердің пайда болуымен байланысты.

Әлбетте, Әбілқайыр хандығының тарихын зерттеу тақырыбы, тек ғылыми тұрғыда ғана өзекті емес, сондай-ақ үлкен қоғамдық маңызы да бар. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан қоғамының тарихы білімге деген қажеттілігі бірнеше есе өсті. Өткенді жанаша оқу, өскелең ұрпақты қыпшақтардың ұлы дәуірін терең ұғынуға итермелейді.

Әбілқайыр Алтайдан Оралға дейінгі үлкен аумақта танылған соңғы хан болды. Дәл оның қайтыс болуымен және көне мемлекеттің бұзылуымен байланысты мұрағаттың барлық деректерінде «Дешті- Қыпшақ» атауы жоғалады. Ғалымдарда мынандай сұрақ пайда болады: неліктен «қыпшақ» этнонимі «өзбек» және «қазақ» деп өзгерді?!

Бұл оқиғалар жан-жақты және мұқият зерттеуді қажет етеді. Алғаш рет әскерлердің қозғалу бағытының карталары

жасалды; тәж кию орны, әскери жорықтар, сондай-ақ Ұлытаудағы көптеген тұрақтардың орналасуы көрсетілді.

Соңғы уақытта өз тарихына назар аудара отырып, «ақ дақтарды» ашу қазіргі заманның көптеген халықтары үшін тән жағдай. Белгілі американдық футуролог және зерттеуші былай дейді: «Мысалы, кеңестік Орта Азиядағы қазіргі «оянған» ұлттар большевиктік төңкеріске дейін өзін-өзі тілдік мән ретінде сезінбеген, бүгінгі күні өзбек және қазақ ұлтшылдары кітапханаларды ақтарып, көпшілікке жаңа болатын тарихы, тілдері мен мәдениеттерін «ашуды» мақсат тұтады».

2. Қыпшақтар елі

Жалпы алғанда, ғылыми тарихта Шыңғыс хан империясының (Ұлы Ұлысының) дәуірі, сондай-ақ Алтын Орда және «моңғолдардан кейінгі» мемлекеттерге байланысты көптеген пікірталастар мен даулар туып жатады. Осындай жағдайдың түпкі себебі көптеген шығыс халықтарының өткеніне және олар құрған мемлекеттерге назардың жеткіліксіз болуынан туындайды. Көптеген жылдар бойы еуразиялық көшпенділердің тарихы өзіндік «Terra Incognita» болған және әділ зерттеулердің орнына дала кеңістігін қоныстанған этностар туралы «жабайылық», «артта қалушылық» сияқты аңыздар басым болған. Бұл тақырып туралы мәліметтерді ғалымдар парсы тілінің авторларынан, сондай-ақ Мұхаммед Қайдар Дулати, Масуд Кухистани, Рузбихан, Бинаи, Өтеміс қажы, Әбілғазы және Қадырғали сияқты авторлардың басылып шыққан шығармаларынан тапты.

Қазақтың бай ауыз әдебиетінде Әбілқайыр туралы ақпарат аз екені белгілі. Керей және Жәнібек (Асан қайғы) хандары туралы мәліметтер аз, ал Қасым туралы (Қасымның қасқа жолы) әлдеқайда көбірек. Дегенмен, Әбілқайыр ханның жеке басы туралы мәлімет орта ғасырлық әдебиетте кең тараған. Ол туралы мемуарлық жазба әдебиеті парсы және шағатай тілдерінде жазылған Орта Азия ғалымдарының еңбектерінде сақталған. Олар ирандық және мұсылман дәстүріне тән лексика мен терминологияны белсенді пайдаланған: «падиша», «әлемді жаулап алушысы», «Ғаламдағы паналау орны», «әмірлер», «сеидтер». Осы тақырып бойынша мәліметтер жиынтығы мына орта ғасырлық авторлардың еңбектері арқылы ұсынылған: Камал-ад-Дин Бинаи, Масуд бин Усман Кухистани, Махмұд бин Әмір Уәли, Қожамқұлы Балхи, Фазлаллах ибн Рузбихан, Абдур Раззақ Самарқани және басқа да көптеген авторлар. Бұл авторларды шейбанилік авторға жатқызады. Мысалы, Мұхаммед Қайдар Дулати Мырзаның

«Та'рих-и-Рашиди» еңбегі XVI ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Онда неғұрлым ерте дерек көздерінен алынған мәліметтер бар. Сонымен қатар, бұл ежелгі ғалым, Орта Азия аумағынан шейбанидтер әулеті – Әбілқайыр

ұрпағымен қуылған Моғолстан ақсүйектерінің белгілі өкілі болып табылады. Әкесін Қайдар Дулатидың Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шейбани мазалап мерт қылған. Мұхаммед Демек, Қайдар Дулати Мырзаның субъективизмі, жек көрушілігі де өз орнын алған. Дегенмен, осы тақырып бойынша автордың қорытындылары мен бақылаулары қазіргі заман зерттеушілері үшін маңызы зор.

Мұхаммед Қайдар Дулати Мырза өзінің «Та'рих-и Рашиди» еңбегінің кіріспесінде мынаны ескеріп жазады: «Қазіргі кезде 951 (1544–1545) жылы, сол әңгімелерді есте сақтаған адамдардан ешкім қалған жоқ. Менің батылдығым бұл маңызды істе қажеттілікпен негізделген, өйткені бұл іске менің батылым бармаса, моғол хандарының тарихы уақыт беттерінен жойылып кетер еді». Бұрын «Та'рих-и Рашиди» кітабынан алынған сюжеттердің құрастырушылары С. Ибрагимов, Н. Мингулов, К.Пищулина, В. Юдин (1969 ж.) болып табылатын, белгілі «XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандықтарының тарихы туралы материалдар (парсы және түрік шығармаларынан алынған үзінділер)» жинақтамалар құрамына енгізілген. Берілген тақырыпты баяндау барысында осы шығармалардың сюжеттері пайдаланылды. Қазіргі заманғы авторлар тек Мұхаммед Қайдар Дулати жұмыстарына ғана емес, сондай-ақ Әбілғазы («Түрік шежіресі»), Өтемі қажы («Шыңғыс нама») және Қадырғали Жалаири («Шежірелер жинағы»), сонымен қатар Тизенгаузен парсы авторлар шығармаларының жинақтамасына да жиі түрде жүгінеді.

Әбілқайыр жеке тұлға ретінде келесі белгілі зерттеушілердің еңбектерінде егжей-тегжейлі талқыланды: ағартушы Ш.Уәлиханов, академик Владимир Бартольд, тарихшы А.Семенова және тағы басқалары. Мәселен, М.Сафарғалиев өзінің «Алтын Орданың ыдырауы» атты іргелі еңбегінде ежелгі билеушінің жеке басына ерекше назар аударды. Айта кету керек, өзбек ғалымы Бөрібай Ахмедов «көшпелі өзбектерде» мемлекеттіктің пайда болуын және басталуын Әбілқайыр дәуіріне жатқызады. Алтын Орданың тарихы және ыдырауы туралы баяндайтын Б.Д. Греков және А.Ю. Якубовский ірі еңбектері шықты, сонымен бірге Михаил Иванин түрік-моңғол әскери өнерін зерттеген. Қазіргі заманда

ұлыхан іс-әрекеттері Ноғай Ордасының тарихымен байланыста келесі зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады: Т.Сұлтанов, В. Трепавлов, Д. Қыдырниязов. Әбілқайыр ханның және оның ұрпақтарының басқару жылдары туралы мәліметтер келесі қазақстандық жетекші ғалымдармен дайындалған мына материалдарда ұсынылған: А. Марғұлан, В. Юдин, К.Пищулина, М. Әбусейітова, Қ. Әбуов, М. Әбдіров. XV ғасырдың 20–70 жылдардағы оқиғалар «Ежелгі кезеңдерден бастап, қазіргі күнге дейінгі Қазақстанның тарихы» атты бес томдық сериясының екінші томында егжей-тегжейлі қарастырылған, онда авторлар Әбілқайыр хандығының құрылу және пайда болу кезеңдерін жан-жақты сипаттаған және олар мәліметтерді алу үшін кең ауқымдағы шығу көзін қолданған. Өзбек ғалымдары дайындаған зерттеулердің маңызы өте зор, өйткені олар айналымға жаңа деректерді енгізген. Дегенмен, жоғарыда аталған авторлардың шығармаларындағы Әбілқайыр ханның жеке тұлғасының сипатталуы автордың көзқарасы бойынша жеткіліксіз болып табылады.

Осылайша Әбілқайырды жеке тұлға ретінде бағалау өз уақытында Мұхаммед Қайдар Дулати Мырзаның еңбегінде жазылған пікірлер шеңберінен шыққан емес. Мүмкін, неғұрлым әділ зерттеулер Кеңес дәуірі жасауға ұлы билеушінің «хандық» тегі кедергі болған. Айта кету керек, XV ғасырдың 20–60 жылдардағы тарихтың түрлі аспектілерімен нақтыайналысатын қазақстандық ғалымдардың шеңбері тұрақты түрде кеңейді және қазіргі кезде мына есімдермен толықты: Ж.Сәбитов, Б.Кәрібаев, С.Әкімбеков, А.Қият, Р.Темірғалиев және тағы басқалар. Олардың қызметі арқасында қазіргі тарихнамаға жаңа мәліметтер енгізілді.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша шығарылған «Мәдени мұра» және «Халық – тарих толқынында» атты еңбектері ғалымдарға үлкен көмек көрсетті. ҚХР, Ресей, Иран, Түркия және Мысыр мұрағаттарынан табылған дерек көздерінен алынып, ғылыми айналымға енгізілген және жаңадан жарияланған туындылар қолда бар материалдарды толықтыруға мүмкіндік берді. Қыпшақтардың тарихымен айналысатын ғалымдарға айтарлықтай ықпалды іскер, жомарт азамат Сапар Ысқақов жасаған. Оның тікелей қаржылық және

Ұйымдастырушылық қолдауымен бұрын жабық болған көп томдық мәліметтер шығарылды; ауқымды ғылыми экспедициялар және ғылыми-практикалық конференциялар жүргізілді. Іргелі зерттеулердің бірі Татарстан үкіметінің көмегімен жарыққа шыққан «Алтын Орда дүниежүзі тарихында» атты ұжымдық монографиясы болды.

«Алтын Орда дүниежүзі тарихында» (Татарстан) монографиясында Әбілқайыр ханның жеке тұлғасына және қызметіне ерекше көңіл бөлінеді. «Шибанидтердің Орталық Азиядағы иеліктері» атты тарауында: «Темуридтер кезеңіндегі ықтимал шығындарға қарамастан, жалпы шайбанидтер Арал маңы және Сырдария төменгі ағысындағы иеліктерін сақтап қалған және бұл Орталық Азияға әрі қарай жылжу үшін негіз болған». Бірақ автор Әбілқайыр «1451 жылы қаза тапты» деп қате көрсетеді.

Әбілқайырды ғалымдар «өзбек-қазақ» әміршісі деп есептейді, өйткені сол кезеңде этникалық бөлу әлі болған жоқ. Неғұрлым нақтысы, Әбілқайырды Дешті-Қыпшақ әміршісі деп атауға болады. Белгілі болғандай, ұлы билеуші жас кезінде «қазақ» болған. Оның немерелері Мұхаммед және Махмұд та сол «казактар» болған. Бұл тұжырым орта ғасырлық авторлар еңбектеріндегі ақпаратпен расталады. Ресейлік ғалым Р. Ревамен зерттелген нумизматикалық дерек көздерінің, сонымен бірге қазақтың зерттеушілері А.Қият (Қазақстан) және Н. Кенже-Ахметпен (ҚХР) генеалогиялық ағаш бойынша құрған деректердің елеулі құндылығы бар.

Әбілқайырдың жеке тұлғасын жан-жақты ашатын, мәселеге жаңа тәсілдерді қолдануға негізделген бірқатар мақалалар әр кезде шыққан осы авторлық кітаптарында: «Қазақстан мемлекеті: қоғамдық жүйелердің эволюциясы», «Қазақ даласының таң сәрісі мен түнек жамылған кезі» және «Ұлы дала сақтаушылары», сонымен бірге ұлы билеушінің жеке басы мен өмірін неғұрлым терең зерттеу қажеттілігіне көңіл аударылатын мерзімді басылымдарда да жарияланған. Егер өткен оқиғаларға қарасақ, кеңес дәуірінде Түркі қағанаты, Алтын Орда және бір кезде ірі көшпенді бірлестіктердің ыдырауы кезінде құрылған мемлекеттердің тарихтары

қыспаққа алынғанын көреміз. Ұзақ уақыт бойы Еуропа мен Азияның жерлері дала империялары билеушілерінің бақылауында болатын. Осы аумақтарды мекендеген халықтар кейіннен елді басқару тәжірибесін пайдаланып, салық салу жүйесін, әскери өнер дәстүрлерін, тіпті пошта қызметін қабылдады. Жалпы, көшпенділер әлемдік мәдениетке үлкен үлес қосты. Алтын Орда тарихының өзі Дешті-Қыпшақ елінің тарихымен тығыз байланысты болды. Дешті-Қыпшақ құрамына Алтайдан батысқа қарай және Қара теңіз шегіне дейінгі кең жерлер; Солтүстік Кавказ, Орал жоталары мен қазіргі кездегі Румыния, Венгрия, Ресей, Белоруссия және Украина, Қазақстан, Әзірбайжан, Өзбекстан және Қырғызстан құрамында орналасқан облыстар кірді. Араб ғалымы Әл-Омари XIV ғасырдың ортасында келесі феноменді сипаттаған: «Ежелде бұл мемлекет қыпшақтар елі болған, бірақ оны татарлар (моңғолдар) жаулап алғаннан кейін қыпшақтар бодандықта болып қалады. Содан кейін бұлар (моңғолдар) олармен (қыпшақтармен) туыс болып, бұл жер табиғи мен нәсілдік қасиеттердің (моңғолдардың) барлығын жеңіп, бәрі дәл қыпшақтар сияқты, олармен бір рудан шыққан сияқты болып кетті. Өйткені моңғолдар қыпшақ жеріне қоныстанған... суға сіңген тұз тәрізді моңғолдар қыпшақтар арасына сіңіп кетті».

X ғасырдан XIV ғасырға дейінгі кезеңде Еуропа аумағының едәуір бөлігін «половецкая» (қыпшақ) даласы, сондай-ақ «Жабайы дала» деп атаған. XIII ғасырдың басында Шыңғыс хан әскерлері ертеректе қыпшақтар қоныстанған бұл жерлерді бағындырды. Бірақ одан әрі таңғаларлық үдеріс басталды: моңғолдар және түрік тайпаларының бір бөлігі келіп (жалайыр, керей, найман, үйсін, жағалбайлы, қоңырат) Дешті-Қыпшақтың жергілікті халқына сіңіп кетті. Бұл жағдайда «моңғолдар» терминінің мәніне мұқият қарау қажет. Тіпті қазіргі моңғол ғалымдарына осы этнонимнің шығу тегін анықтау қиынға соғады. Кейбіреуітерминнің этимологиясын «Мәңгі Ел» түсінігінен шығарады, яғни мәңгі ел, ал басқалары «мың қол, мың тайпа» сөзінен деп шешеді. Өйткені Шыңғыс хан мен Жошы әскерлерінің құрамында үйсіндер, ойраттар, жалайырлар, арғындар, керейттер және басқа да этностар болған.

Көбінесе «моңғолдар» этнонимінің анықтамасы этникалық мәніне қарағанда саяси жинақтамалық мәнге көбірек ие болды. Мысалы, қазіргі Моңғолияда халха, дербет, бурят тайпалары бар және бұл рулардың атаулары осы елдің азаматтарының жеке куәліктерінде жазылады. Мүмкін, «моңғол» атауы «мыңқол», яғни мың қол, «мың тайпа» анықтамасының славяндық көшірмесі болған шығар. Белгілі болғандай, моңғол-манчжур тілдері, түркі тілдері сияқты алтай тілдеріне кіреді.

Әдет-ғұрыптар мен мәдениеттердің араласуына осы тайпалардың Түркі қағанаты құрамына кіруі ықпалын тигізді, ал бұл туралы араб дерек көздерінде айтылмайды, бірақ олар ежелгі түріктердің ерлігі мен әскери батылдығын атап өткен. Айта кету керек, найман, қоңырат, үйсін, арғын, жалайыр сияқты түркі тайпалары Моңғол империясының құрамына бірінші болып кірген. Сондай-ақ осы рулардың өкілдері 1206 жылы өткен белгілі құрылтайға қатысқанын ескеру қажет, сонымен қатар бұл құрылтайда Темүжін Шыңғыс хан атанады. Көптеген саяхатшылар, саудагерлер, көпестер және дипломаттар, Алтын Орда аймағында болғандар осы мемлекеттің бодандары барлығына түсінікті тілде, түркі тілінде сөйлеген деп айтқанда, ең алдымен бұл қыпшақ тілі болғанын ұйғарған.

3. Жошы – Дешті-Қыпшақтың алғашқы билеушісі

1225 жылы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы Хорезмнің солтүстік бөлігі мен Шығыс Дешті-Қыпшақтың аумағын ұлыс иелігіне алады. Сондай-ақ керейт, қоңырат, сиджиут және қошын көшпенді руларынан бірнеше мың жауынгер оның қолбасшылығына өтті. Сол кезде Жошы ұлысы аумағындағы этникалық басым бөлігі қыпшақ тайпалары болды. Оның өзі қыпшақтардың билеушісі атанды.

1227 жылы Жошы аң аулау кезінде түсініксіз жағдайларда қайтыс болады. Дала ақыны Кетбұға, тиісті дәстүр бойынша, Шыңғыс ханға үлкен ұлының қайтыс болғаны туралы қайғылы хабарды астарлы сөзбен жеткізеді: «Теңіз бастаулардан ластанған, / Кім оны тазартар екен, менің ханым?! / Терек түбірімен құлаған, / Кім оны көтерер екен, менің ханым?!». Ұлы хан былай деп жауап береді: «Егер теңіз бастауынан ластанса, оның менің ұлым Жошы тазартады! / Егер терек түбірімен құласа, оны менің ұлым Жошы көтереді ғой! / Сенің көздерінен жас тамған, жанында қайғы бар ма екен? Әнің жанды жылатады, Жошы өлді меәлде?».

Жошы өлгеннен кейін ұлыстағы билік оның екі ұлына Бату мен (Батый – Жошының үлкен ұлы) Орда Ежен мен Батудың қолына көшті. Олар әкелерінің тағына заңды мұрагерлер ретінде 1229 ж. және 1235 ж. құрылтайларға қатысқан болатын. Бұл көшпелі ақсүйектердің жиналыстарында Ресейді, Еділ Бұлғариясын және Шығыс Еуропаны жаулап алу жөніндегі жоспарлары талқыланды. Барлық дайындықтан кейін Жошы ұлдары басқарған ірі моңғол армиясы әлемдік тарихта үлкен өзгерістер жасаған ауқымды әскери жорыққа шықты. 150-мыңдық әскер Еділден Дунайға дейін өтті. Олар санаулы айларда тұтас мемлекеттер мен ірі қалаларды басып алды. Ірі масштабты шайқас Орталық және Шығыс Еуропа аумақтарын қамтыған болатын. Моңғол әскери жорықтары сәтті болып, нәтижесінде Алтын Орда құрылған. Жошының ұлы Бату көшпенді империяны басқарды. Жошы қыпшақ елін басқарған Шыңғыс хан әулетінен шыққан бірінші билеуші болды.

4. Дешті-Қыпшақ еліне моңғол шапқыншылығының әсері

Моңғолдардың жаулап алуы Дешті-Қыпшақ аумағындағы түркі (қыпшақ) халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына теріс әсер етті. Қазіргі Орталық Азия Сырдария маңы және Жетісу қалалары қирады. Шыңғыс хан билігіне бағынғысы келмеген жергілікті халықтың қарсылығын басу үшін, жерді өртеу тактикасын қолданып, тұтас аудандар мен елді мекендерді жойып отырды. Мұндай жойқын әрекеттер жергілікті халықтың табиғи қалыптасуын уақытша тоқтатты.

Шыңғыс хан тайпалары жаулап алған аумақтарда моңғол феодалдық дәстүрлерді бекітті. Олар жаулап алған елдер мен халықтарды Шыңғыс ханның ұрпақтары төрелер басқарған жекелеген ұлыстарға бөлді. Түркі-моңғол ақсүйектерінің үстемдігі Дешті-Қыпшақта ғана емес, сонымен қатар Қытайда, Сібірде, Орталық Азияда, Таяу Шығыста, Ресейде, Шығыс Еуропада да орнады. Жауланған халық Шыңғыс хан руының жетекші өкілдеріне тиесілі деп саналды. Оларға ауыр салық пен борыштар салынды. Халықтың еңбек ете алатын бөлігі өндірістік өмірден алынып, басқа елдерге әскери жорықтарға тартылды. Бұл XIII–XIV ғасырларда жауланған аумақтарда аумағында шаруашылықтың құлдырауына алып келді. Үзілмейтін соғыстар империя тайпаларының өздеріне де пайда әкелмейтін. Олардың ұлыстарында әлеуметтік және экономикалық құлдырау сезіліп, ол ішкі саяси қайшылықтарды күшейтті. Сонымен қатар моңғол жаулап алуларының оң салдары да болды. Жаулап алынған аумақтарда жаңа халықтардың қосылуы күшейе түсіп, бағындырған елдер арасында интеграциялық процестер өтіп жатты. Моңғол империясындағы Керуен сауда бағыттарын дамыту, көптеген халықтарға тығыз экономикалық және мәдени байланыстар орнатуға мүмкіндік берді. Жаулап алған аумақтарда шыңғысшылар орталықтандырылған билік идеясын, сондай-ақ кейіннен постмоңғолдық елдерде, көшпелі өзбек хандығында, Мәскеу патшалығында, Қазан хандығында және басқа да көптеген елдерде қолданылған әлеуметтік және мемлекеттік ұйымдардың көптеген нормаларын бекітті.

5. Бату – Алтын Орданың негізін қалаушы

Бастапқыда Алтын Орда Моңғол империясының құрамына кірді. Жошының үлкен ұлы Орда Ежен өзінің сүйікті кіші ағасы Батуға Алтын Ордадағы билікті өз еркімен берді. Соңғысы Қаракорұм астанасындағы жоғарғы ставканың билігін мойындап, елдің құқықтық шеңберінде әрекет етті. Бату Алтын Орданы басқара отырып, Моңғол империясынан өз иелігін біртіндеп оқшаулау мақсатында Шыңғыс тайпаларының арасындағы қайшылықтарды шебер қолданды. Ол өнерлі әкімші болды: қираған қалаларды қалпына келтіріп, Ұлы Жібек жолының сауда бағыттарын қайта жандандырды. Сонымен қатар, өзінің жолдауларында сол кездер үшін дөрекілеу естілген «хақан аға» деп атаған ағасы Үгедей тарапынан үлкен қолдау тапты. Жоғарғы хан болған әкесінің ағасымен жақсы қарым-қатынастар, Батуға батыста бағындырылған барлық аймақтардың Жошы ұлысының пайдасына берілу келісіміне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бұл дипломатиялық жеңіс кейін Алтын Орданың күшеюі үшін негіз болады.

Шағатай мен Үгедей қайтыс болғаннан кейін, Бату Шыңғыс хан руының беделді ақсақалына айналады. Қалған төре тұқымы Моңғол империясындағы басты таққа күресте оның қолдауына ие болуға тырысады. 1246 жылы Бату жоғарғы хан рөліне Өгедейдің ұлы Күйіктің кандидатурасын қолдады. Соңғысы үлкен империяны билеуге күші келмей, өзінің алтынордалық қамқоршысымен таласып, оған қарсы әскери жорық жасайды, бірақ түсініксіз жағдайларда Самарқан қаласы маңында тез арада қайтыс болды.

1251 жылы Моңғолия империясындағы патша аралығы кезеңі уақытында, Бату өзінің ағалары Берке мен Тоқа Темірді құрылтайға жіберіп, олар онда 20 мыңдық әскерді бастап барады. Алтын Орданың елшілері Мәңке кандидатурасын жоғарғы хан рөліне күшпен тықпалайды. Оны сайлағаннан кейін, Батудың атасы құрған империясындағы әсері өзінің жоғары шегіне жетті. Ол «аға хан» дегенді білдіретін «каан-ака» титулына ие болады. Бірақ жаңа моңғол билеушісі Бату иелігіне төзе алмай, империяға оның әсерін шектеуге тырысқан. Бату ұлы хан болуға Араздықтарға қарамастан,

Мөңке оның үлкен ұлы Сартақты Алтын Орданың мұрагері етіп бекітті.

6. Ұлыстардағы мемлекетті басқару құрылымы

Көшпелі ұлыстарда барлық әскери істерді хан атынан беклербек басқарды, ал азаматтық әкімшілік басшысы уәзір болды. Беклербек өзінің мәртебесі бойынша уәзірден жоғары болды және басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жүргізе алды. Ол әкімшілік аумақтық бірліктерді басқарған төрт ұлыстық әмірдің құрамына кірді. Орта ғасырлық әскери министр бас әмір ретінде жоғарғы сот билігін өз қолына алып, төрелер арасындағы таққа отыру жөніндегі дауларды шеше алды. Кейде беклербектің әсер ету дәрежесінен Жошы ұлысындағы мемлекеттік құрылымдардың тағдыры анықталатын. Уәзір орталық үкіметтің атқарушы билігінің басшысы, елді азаматтық басқару істерінде хан кеңесшісі болды. Ол аймақтар мен елдердегі наменгерлерге нұсқау беріп, мемлекет өмірінің қаржылық жағынан билік етті.

Жошы ұлысының басқару жүйесінде даруғашылар мен басқақтар да маңызды орын алды. Даруғашылар салық жинаумен айналысты, ал басқақтар жаулап алған территорияның байырғы халқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асырды. Жекелеген жерлерде олар салықтарды өтеп алушылар ретінде әрекет ете алды. Атқарушы биліктің орталық органы диван болып, оның қарамағында қаржылық, салық және басқа да мекемелер болды. Әр түрлі мемлекеттік «министрліктер» арасындағы басқару мен үйлестіруді бітікші деп аталатын хатшылар жүзеге асырды. Үлкен аумақты бағындырған Алтын Орданың хандарында басқарудың жеткілікті тәжірибесі болған жоқ. Сондықтан олар сауатты және дайындалған адамдардан – жаулап алған халықтың өкілдерінен тұратын үлкен шенеуніктер аппаратына сүйеніп отырды. Оларға негізінен қыпшақтар, хорезмдіктер, ирандықтар, Еділ бұлғарлары, қарлұқтар мен қаңлылар кірді. Немесе орта ғасырлық мұсылман ұйғырлар, тибеттер және қытайлар сияқты буддисттерді жинаған. Бірақ Жошы ұлысының негізгі бөлігін

түркі халықтары, атап айтқанда көшпелі қыпшақ конфедерациясының тайпалары құрады. Тарихшы М.Сафарғалиев өзінің «Алтын Орданың ыдырауы» атты іргелі еңбегінде бұл елдің тілі қыпшақ тілі болғандығына шығыс және еуропалық саяхатшылардың бірқатар айғақтарын келтіреді. Басқарушы элитаның моңғол тілі қысқа мерзімде түркі-қыпшақ тілімен толығымен ығыстырылып шығарылды. Алтын Орда тұрғындары түркі тілінде сөйлегені туралы академик Ә.Марғұлан да жазады. XIII-XIV ғасырлардың өзінде моңғол билеушілерін түркі атауларымен атаған: Ақ-Қошқар, Дәулет-берді, Сеид-Ахмад, Күн-қыран, Шымтай, Өзбек, Келдібек және т.б. Дешті-Қыпшақ және осы аумақта құрылған мемлекеттердің шекаралары нақты болмаған. Төрелер немесе шыңғыс хан ұрпағы билігі нығайғаннан кейін және тақ үшін жойқын шайқастан соң XIV ғасырдың басында Моңғол империясының батыс бөлігі ақыры ыдырап, Алтын Орда, Көк Орда және Ақ Ордаға бөлінді.

Ақ Ордада Орда Ежен мен Шибан ұрпақтары билік етсе, Алтын Орданы Бату хан мен Тоқа-Темір ұрпақтары басқарған. Таққа иеленушіліктегі көптеген тартыстарға Жошы мен Бату, Шибан және Тоқа Темір ұрпақтары қатысқан. Орда Ежен (Орда-Ичена) және Шибан ұрпақтары негізінен Дешті-Қыпшақтың шығыс бөлігін билеген. Оның үстіне Шибан ұрпақтары ұзақ уақыт бойы Орал, Еділ және Каспий теңізінің жағалауында болды. Содан кейін иеліктерін Сібірден Бараба далаларына дейін кеңейтіп, оған қоса Орта Азия жерлерін жаулап алды.

Зерттеуші Б.Ахмедов 1373/74 жылдары Сарайшықта шейбанидтер үйіндегі Елбан және Әли кожа екі ханның монеталары шекілгені туралы көрсетеді.

7. Жошы ұлысындағы бүліншіліктің шығу себептері

Жошы ұлысының бүліншілік тарихы ұзақ әрі күрделі. Орта ғасырлық Қазақстан аумағында тұрған түркі-моңғол көшпенділері арасындағы өзара тартыс себептеріне ерекше

назар аудару қажет. 1255 жылы Бату хан қайтыс болып, өзінің мұрагерлеріне Моңғол империясының барлық иеліктерінің арасында жоғары мәртебе мен беделіне ие болған кең байтақ және бай ұлысты қалдырды. Алтын Орданың билеушісі оның ұлы Сартақ болып, ол христиан дінін ұстанған. Сонымен қатар оның бірігіп билеушісі және ағасы Берке ислам дінінің жолында болған. Соңғысы өзінің мәртебесі бойынша Жошының жетінші ұлы болды және Моңғол империясында саяси ықпалға ие болды. Берке Сартақ Алтын Орданың тағына заңсыз отырды деп есептеді, өйткені ол үлкендік ережесін бұзған болатын. Бірақ ол жас ханға қарсы ашық сөйлей алмады, өйткені жоғарғы билеуші Мөңкенің өсиетін бұзатын еді. Сондықтан Сартақ той кезінде өледі және оның туған ағасы Берке жасаған қылмысты ұйымдастырушы болып табылатынына еш күмән жоқ. Әйтеуір Сартақ қайтыс болады. Алайда бұл патшаны өлтіру ісі өз жемістерін әкелмейді. Берке Алтын Ордадағы көп күткен билікке қол жеткізе алмайды. Бұрын оны жақтырмайтын жоғарғы хан Мөңке Жошы ұлысының билеушісі ретінде Сартақтың ұлы Ұлақшыді жариялайды. Осылайша жоғарғы ставка Беркені үлкен және ықпалды ұлыстың заңды мұрагері, сондай-ақ Моңғол империясында ханнан кейін екінші адам ретінде көргісі келмейтіндігін білдіреді. Өзінің зұлымдық ойлары жүзеге асырылмай қалғаннан кейін Берке бір уақытқа көзге түспей күш жинайды. Бұл жолы оның сәті түсіп, Мөңке Қытайға кезекті сапары кезінде қайтыс болады. Қарақұмдағы шиеленіскен жағдайды пайдаланып, Ұлақшыді өлтіреді де Алтын Орда тағына ресми түрде отырады. Жоғарғы хан Құбылай Моңғол империясындағы ірі иелікті билеушінің заңсыз мәртебесін іс жүзінде мойындайды.

Берке хан өзінің Ирандағы тумаларына – хулагуидтердің моңғол әулетіне қарсы соғыс ашады. Ол шынғысшылардың өзара соғыстары үшін негіз жасап, сондай-ақ Кавказда күрес жүргізе отырып, Алтын Орда мен Хулагуид мемлекеті арасындағы ұзақ мерзімге созылған жылдық қақтығысын тудырады. Беркенің таққұмарлығы Жошы ұлысындағы ұзақ қан төгіске себеп болды. Бір қызығы осы тартыс Европа саяхатшысы- монахтар (Марко Поло, Вильям де Рубрук) орыс, грузин, армын, түркі деректерінде сақталған.

Берке ханның Кавказды бағындыруға талпыныстары сәтті болмады, өйткені оған хулагуидтық Иран қатал қарсылық көрсетті. Алтын Орда билеушісі Жошы ұлысында қауіпті үміткер болып, әрі қарай Дешті-Қыпшақтың бүкіл саяси тарихын жасады. Берке хан тұсында Алтын Орда іс жүзінде тәуелсіз мемлекет болып, Моңғол империясының бірыңғай құқықтық шеңберінде әрекет етпеді. Оның бастамасымен Жошы ұлысында бірте-бірте көшпелі тайпалардың мұсылмандануы жүріп жатады. Ол Алтын Орда халқының санағын жүргізіп, мемлекетте араб мәдениетінің тарауына ықпал етті. Жаулап алған елдерден салық жинау үшін басқақтарды жібере бастады.

Жалпы, Берке хан үлкен империяны орталықтандырып, мемлекеттік институттардың тиімді жұмысын жолға қоюға тырысты. Бірақ өзінің тақта заңсыз отыруын түсініп, ол формальді мұрагері етіп Батудың немересі Меңгу-Тимурды тағайындады. Бұл Алтын Орда көшпенді аксүйектердің тарапынан қолдау алу мақсатында жасалды.

1266 жылы Берке хан Кавказға жасаған жорық кезінде қайтыс болады. Ол өлгеннен кейін Алтын Ордада өзара тартыс басталып, нәтижесінде билікке ақыры Меңгу Тимір келеді. Осы сәтте Жошының немересі болған түмен басы Ноғайдың ықпалы күшейе түседі. Берке хан билік еткен тұста Иранға қарсы әскерлерді басқарған. Оның билеушісі өлгеннен кейін Ноғай бақылауында Доннан Дунайға дейінгі үлкен аумақ қалады. Онымен одақ құруға Болгария, Византия, Венгрия, Сербия, Польша сияқты елдер қол жеткізуге тырысты.

1280 жылы Меңгу-Тимір өлгеннен кейін Ноғай қоластындағы аумақтар Сарайдағы басты алтынордалық ставкасына бағынбады. Ол дербес сыртқы саясатты жүргізіп, елшілерді достас елдерге жіберді. Түменбасы Ноғайдың билігі соншалық күшті болып, оның күш жігерінің арқасында Төлебұға Алтын Орданың тағынан түсіріліп, таққа Тоқты отырғызылған. Бірақ көп ұзамай Алтын Орданың жаңа билеушісі Ноғай мен оның ұлдарын тақтан түсірді. Қуатты түмен басынан ноғай халқы өз бастауын алады.

Өзбек хан билік еткен кезде Алтын Орда және жалпы Жошы ұлысының дамуы өзінің ең жоғарғы деңгейіне жетті.

Көп ұлтты аймақ орталықтандырылған және күшті мемлекет аясына біріктірілді. Өзбек хан басқару жүйесінде түбегейлі реформалар жасап, шынғысхан ұрпақтары арасындағы дауларды уақытша тоқтатты. Ұлы Алтын Орда билеушісі ислам дініне Жошы ұлысындағы ресми дін мәртебесін берді. Оның билігі Дешті-Қыпшақ жерінен Шығыс Еуропа аумағына дейін созылып, Қасиетті Рим империясымен, Мамлюк сұлтандарымен, хулагуидтық Иранмен, Юань империясымен тығыз қарым қатынас орнатты. Өзбек хан Алтын Ордадағы қалаларды дамытуға ұмтылды. Ол империяның жаңа астанасы – Сарай-әл-Жадид (Жаңа Сарай) қаласын салып, онда әртүрлі конфессиялардың өкілдері бейбіт өмір сүрді. Айта кету керек, Өзбек хан Иоанн XXII және Бенедикт XII Рим папаларымен хат алысып отырған.

Алтын Орда билеушісі өзінің әкімшілік реформаларында бірқатар өзгерістер жүргізді: барлық иеліктер мен рулық басшыларының жерлері 70 түменге қайта құрылып, он ірі облыстарға – ұлыстарға біріктірілді, ал оларды басқару үшін наменгерлер – ұлыс-бектер тағайындалды. Мұндай түбегейлі реформалар басқа шынғысшылардың мүдделерін қозғайтын. Ақ Ордада Мұбарак алтынордалық бас ставкасына қарсы шығып, өзін тәуелсіз билеуші деп жариялап, соның белгісі ретінде өз монетасын нақыштай бастайды.

Шығыс Дешті-Қыпшақ аумағындағы ірі көтерілісті басуға Өзбек ханның ұлы Тенібек қатысты. Ол қыпшақтың Сығанақ қаласына орнығып, Ақ Орданың жаңа билеушісі болды. Хандық билікті орталықтандыру шынғысшылар мен көшпелі ақсүйектердің құқықтарын шектеуге әкелді. Енді олар өз иеліктерін тікелей басқара алмай, өз пайдасына салық жинай алмай, өз әскерлерін қалыптастыра алмады. Барлық осы сұрақтармен хан шенеуніктері айналысты. Өзбек ханның мұндай күш саясаты шынғысшылардың наразылығына және мемлекеттегі орталықтан тепкен күштердің күшеюіне әкеліп, кейіннен Алтын Ордада бүліншіліктің пайда болуына себеп болады.

8. Ақ Орда мемлекетінің құрылуы

Ақ Орда Қазақстан аумағында XIV ғасырда және XV ғасырдың бірінші жартысында біртұтас мемлекеттіліктің дамуының басты негізі болды. Бұл кезеңде Шығыс Дешті-Қыпшақ, Жетісу және Түркістанның (Оңтүстік Қазақстан) көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы егіншілік халқының этникалық және саяси шоғырлану үдерістері аяқталды. Қазақстанның ежелгі халқының ұлттық бірегейлігі пайда бола бастады.

XIV ғасырда Ақ Орда пайда болып, ол моңғолдан кейінгі кезеңде жергілікті этникалық негізде қалыптасты. Қуатты мемлекеттің астанасы Дешті-Қыпшақтың Сығанақ қаласы болды. Ел Солтүстік-Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумағында орналасты. Ақ Орданың билеушілері Жошы әулетінен шыққан: Орда Ежен, Қоныша, Баян, Сасы Бұқа, Ерзен, Мүбәрәк, Шымтай, Ұрыс хан, Құйыршық және Барақ болды. Олар тәуелсіз саясат жүргізіп, үлкен Жошы ұлысын біріктіруге тырысты, сондай-ақ шағатайлықтармен күресіп, Түркістандағы темуридтердің билігін бекітуге жол бермеді.

Ақ Орда мемлекетін Мүбәрәк хан басқарған кезде ішінара Алтын Ордаға келісімшарт тәуелділіктен босады. Орта ғасырлық мемлекеттің билеушілері өз халқының игіліктерін сақтауға қамқорлық жасады. Олар Ертіс пен Сырдарияға дейін, Алтай мен Ұлытау, сондай-ақ Арал теңізінің жағалауларында шашыраған мал шаруашылығын қолдады. Осылайша, жазғы және қысқы жайылымдарға көшудің қауіпсіз бағыттары мен тәртібін сақтап қалды. Бұл көшпенділердің шаруашылық және мәдени өмірін қалпына келтіріп қана қоймай, сонымен қатар Ақ Ордада отырықшы егіншілік орталықтары мен гүлденген аймақтардың нығаюына ықпал етті. Ортағасырлық мемлекет экономикасының өрлеуі Жошы ұлысында төрелер арасындағы қарым қатынас иерархиясында Орда Ежен ұрпақтарының жағдайын күшейтуге көмектесті.

9. Ақ Орда мемлекетінің әлеуметтік құрылымы

1357 жылы Өзбек ханның ұлы Жәнібек қайтыс болғаннан кейін, Алтын Ордада сарай төңкерісінің және бүліншіліктің кезекті кезеңі басталды. Таққа шынғысшылардың үш негізгі тармақтары – орда-әжендер, шибанидтер, тоқа-темуридтер күрескен. Өзін-өзі жариялаған хандардың әрқайсысы өзінің монетасын соғып, билікке басқа үміткерлермен шайқасты. XIV ғасырдың соңында Жошы ұлысындағы ортадан тепкіш күштер күшейді.

Ақ Ордадағы ақсүйектер қалыптасқан жағдайды өз пайдасына пайдалануға тырысты. 1368 жылы орта ғасырлық мемлекеттің жаңа ханы болып өршіл Ұрыс хан тағайындалады. Оның тұсында Ақ Орда Саин тағы үшін күреске тартылды. 1374 жылы Ақ Орда әскерлері Сарайды басып алып, Қажы Тарханды (қазіргі Астрахань) мен Кама бұлғарларды бағындырады. Табысты әскери жорықтардың арқасында, Ұрыс хан Еділдің кең аумағына орнығады. Ол беклербек болған және Алтын Ордадағы билікті заңсыз басып алуға тырысқан түмен басы Мамай Қиятқа қарсы күресті. Содан кейін 1375 жылы Әмір Тимурдің көтерілуіне қарсы тұру мақсатында өзінің әскерімен Сырдария жағалауына оралады.

Ақ Орда мемлекеттілігінің орталықтандырылуы аясында XIV ғ. және XV ғасырдың басында Қазақстан аумағында халықтың саяси, экономикалық және әлеуметтік қайта жандануы үшін қолайлы мүмкіндіктер пайда болды. Қалалық орталықтар мен елдің көшпенді бөлігінің шаруашылық қарым-қатынастары сапалы түрде күшейеді. Бұл үдерістер көптеген тайпалар мен руларды біртұтас этносқа біріктіру үшін жағдай тудырып, кейіннен қазақ халқының және Қазақ хандығының пайда болуына алып келді.

10. Алтын Орданың құлауы

15 ғасырдың аяғында Алтын Орданың құлдырауы болды. Саяси және экономикалық орталықтар, сондай-ақ әскер түменбасы мен ұлыстық әмірлер биліктеріне бөлінді. Татар-моңғолдар басып алған аумақтарда ұлт-азаттық күштер оянды. Жошы ақсүйектері бытыраңқы елді біріктіруге тырысты. Олар Шыңғыс ханның ұрпағы болған Тоқтамысты қолдады. Оның басты бағдарламасы тек Алтын Орда аумағында ғана емес, сонымен қатар Ақ Ордада және Көк Ордада Жошы әулетінің қалпына келуі болды.

Тоқтамыс Жошы ұлысындағы билікті орталықтандырып, Әмір Темірді империясының көтерілуіне қарсы тұруға ұмтылды. Мемлекеттегі ортадан тепкіш күштерді ішінара жеңгеннен кейін татар-моңғолдар XIV ғасырдың соңында Әмір Темірмен кең ауқымды соғысқа шықты. Бұл қақтығыс 10 жыл бойы жалғасып, Орталық Азия, Таяу Шығыс, Кавказ және Шығыс Еуропа аймақтарын қамтыды.

Тоқтамыс Моғолстан, Жалаиридтер мемлекеті, Осман империясы, Мамлюк сұлтанаты, Сивак әмірлігі, Қара-Қойыңлы, Түрікмен әмірлігі кіретін анти Теміридтік әскери блок құрды. Бірақ Теміридтер ең үздікәскери ұйымға ие болып, 1394 жылы Терек өзеніндегі шайқаста татар-моңғолдарды және олардың одақтастарын жеңіп шықты. Бұл шайқас үш күнге созылды. Бастапқыда жеңіс Тоқтамыста болды, бірақ кейін татар-моңғол әскерінің оң қанат билеушісінің сатқындығы нәтижесінде Темір жаудың позициялары бойынша жойқын соққы жасады. Жеңістен кейін теміридтер Алтын Орданың қуаттылығын түбегейлі бұзу мақсатында ірі алтынордалық қалаларды жүйелі түрде жоюға кірісті.

Тоқтамыс Темірмен күресте бірнеше жеңіліске ұшырап, көптеген жақтастарын жоғалтты. Бүліншілік шығып, оны түмен басы Едіге басқарды. Ол Тоқтамысты тақтан түсірді. Жошы ұлысында бүліншілік кезеңдері басталып, бұл бір кездері қуатты болған көшпелі империяның ыдырауына әкелді. Тоқтамыс Едіге әскерлерімен шайқаста Жайық өзені маңында қаза тапты. Ол қайтыс болғаннан кейін, Алтын Орданы қайта қалпына келтіруге көптеген хандар талпыныс жасап, бірақ елде

бірнеше ірі саяси топтардың болуы мемлекеттің бірігуі бойынша қандай да бір жетістіктерге жетуді жоққа шығарды.

11. Ұлы Барақ хан

Алтын Ордада болған оқиғалар Дешті-Қыпшақ тағдырына тікелей әсер етті. Сол кезде те муридтердің жойқын шабуылдарының және шыңғысшылардың өзара тартыстары нәтижесінде Ақ Орда толық құлдырауға келді. Ұрыс хан (Ақнияз) мұрагерлері ықпалының түсуімен бірге Жошы ұлысындағы билік үшін күреске қатыспаған және көшпелі өмір салтын ұстануды жалғастырған шайбанидтер өз позицияларын күшейтті. Әлбетте, бұл факторлар Әбілқайыр басқарған көшпенді көшпелі мемлекетінің құрылуы үшін алғышартқа айналды.

Алтын Ордада билік үшін шайқасқан Ұрысхан ұрпағы Барақ хан болды. 1423 жылы Ақ Орданың көп бөлігі оның бақылауына өтеді. Одан кейін 1423 жылы Барақ хан Алтын Ордаға ұмтылып, Саин тағына бірнеше үміткерлерді жеңіп, Сарай мен Қазанды басып алады. Бірнеше жеңістерден кейін Өзбек ұлысының басым бөлігі Барақ ханның билігіне өтеді.

1425 жылы Алтын Орданың әскерлері сол кезде Әмір Темір ұрпақтарының билігінде болған Сырдария маңы қалаларына сәтті жорық жасайды. Барақ ханның соңынан Сығанақ маңына тайпалардың бес мың отбасы келеді. Алтынордалық әскерлер темуридтерден бұл маңызды плацдармды босатып, аймақта кең ауқымды жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізуге мүмкіндік алды. Ұлықбек өзінің ағасы Мұхаммед Джукимен бірге Барақ ханның әскери қуатына қарсы тұруға тырысып, нәтижесінде 1427 жылы ірі шайқаста жеңіліс тапты. Темуридтер бай олжаны тастап, Самарқанға қашып үлгереді. Осы әскери жорықтардың нәтижесінде Барақ хан Сырдария маңындағы аймаққа орнығады, бірақ өзара қақтығысуларға байланысты өз әскерімен далаға қайтып келеді. Онда 1428 жылы ноғай мырзаларымен болған қақтығыста қазатабады. Ол қайтыс болғаннан кейін Дешті-Қыпшақта

шайбанидтердің билігі орнайды. Барақ хан өзінің табысты іс-әрекетінің нәтижесін пайдалана алмады, бірақ өз ұрпақтарының Сырдария өңірінде одан әрі бекуі үшін жағдай жасады. Ол Ақ Орда мұрагерлерінің стратегиялық маңызды аумақтарға құқығын қорғай алды. Кейіннен бұл Қаратау тау бөктеріндегі және Сырдария өзеніндегі қалалар мен бекіністерінің үстінен үстемдік жүргізуге Жәнібек пен Керей сұлтандарына қолайлы жағдай жасайды. Онда Әбілқайырдың саясатына көңілі толмайтын адамдар көшіп келген. Сонымен қатар, жергілікті ақсүйектер өзара тартыстардың болуына қарсы болып, берік хан билігіне мүдделі болды. Барақ ханның тұлғасы қазақ халқының пайда болуына алғышарттар жасады.

12. Жошы ұлысының ыдырауы

XIV ғасырдың бірінші жартысының аяғында еуразиялық далада қуатты Жошы ұлысының екі жүзжылдық тарихы аяқталды. Алтын Орда бүліншіліктер мен өзара тартыстар нәтижесінде көптеген жекелеген бөліктерге бөлініп, олардың аумағында кейіннен Астрахань хандығы, Қазан хандығы, Мәскеу патшалығы, Қырым хандығы сияқты орта ғасырлық елдер пайда болды. Мәуереннаһрда темуридтер орнығып, Дешті-Қыпшаққа және Моғолстанға тұрақты түрде шабуыл жасап отырды. Бірақ Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері өзара соғысуға кірісті. Осы аталған факторлардың барлығы Еуразия аймағының кең аумақтарында, ірі құрлықтағы континенттің жүрегінде этногенездің күрделі процесері және жаңа халықтар мен ұлттық державалардың пайда болуы туралы айтты.

Жошы ұлысының басым бөлігінде Ұрыстың ұрпақтары мен Тоқа-Темір мұрагерлері ықпалының әлсіреуін шебер пайдаланған Шейбан балалары орнады. Олар қатал өзара тартыстар кезінде Батыс және Орталық Қазақстанның аумағында өздерінің үлкен үлестерін сақтап қалды. Осы қолайлы жағдайлар көшпелі өзбек мемлекетінің пайда болуына

алғышарттар жасады. Жошы ұлысының қирауы, сондай-ақ теуридтер империясының құлдырауы – қазақ және өзбек халықтарының этногенезі мен қосылу үдерістерін жеделдетті.

XIV ғасырдың ортасында Өзбек ұлысының атауы айқын бөлініп шығады. Академик В.Бартольд өзінің «Орта Азия түркі халықтарының тарихы бойынша 12 лекция» атты еңбегінде мынаны нұсқаған: «Бәлкім, Ілемен Сырдария арасындағы аумақ Жошының кіші ұлына – Шибанға тиесілі болған.

Мұсылмандардың аңыздарына сәйкес бұл атау кейін Шейбан деп өзгертілген. Соның салдарынан XIV ғасырдың басында Түркістандағы өзбек мемлекетін қалаушы Шибан ұрпағы ақындық лақап Шейбани атағын қабылдайды, ал ол Әбу-Ханифа мен Әбу-Юсуф шәкірті болған атақты факих ханифат ілімінің лақап аты (Нисба) ретінде көбірек белгілі болған араб тайпасының атауымен сәйкес келген. Академиктің қорытындылауы бойынша, мұсылман әлеміндегі бұл танымал ат «Шибан» атын «Шейбан» атына өзгертуге себеп болған және одан әрі «Шейбани» аты пайда болған». В. Бартольд жазуы бойынша XIV ғасырдағы Шейбанидтердің иеліктері тек Сібірде ғана емес, сонымен бірге Еділ және Дон өзен аралығында да болған. «Өзбек» сөзінің шығу тегін (этимологиясы) анықтау жолында тарихшы ғалымдар әлі күнге дейін ортақ пікірге келген жоқ. Б.Ахмедов өзінің белгілі «Көшпелі өзбектердің мемлекеті» атты еңбегінде бірқатар ғалымдардың «Өзбек» этнонимі терминінің шығу тегін алтынордалық Өзбек ханның атымен байланыстыратынын жазады. Сонымен, алқисса, XV-XVI ғасырларда ұзақ уақыт бойы өзбек-қазақ бір-біріне бәсекелес ретінде де, біртұтас ел ретінде де қарады. Б. Ахмедовтың жазуы бойынша Тоқтамыстың заманынан бастап Дешті-Қыпшақтың далалық бөлігі өзбек даласы деп аталып, Сырдариядан солтүстікке қарай елеулі кеңістікте көшпелі өзбектер қожалық еткен. Бірақ ол кезеңде өзбектер, қазақтар және ноғайлар аттарының саяси және әлеуметтік мәні болатын.

Нақты «өзбек» атауына келгенде қоғамда көптеген сұрақ туындайды, ал «Ел-Өзбек» атауын «көшпелі өзбекке» жатқызған. «Вилаят өзбек», «өзбек тайпалары» терминдерін пайдалану заңды, өйткені олар сол уақыт авторларының еңбектерінде тіркелген («Хондемир, «Искандер Анонимі»).

Бірақ айта кету керек, «көшпелі өзбек» термині әлдеқайда кейін енгізілді, бәлкім ол Б. Ахмедовпен немесе Тәжікстан ҒА Тарих, археология және этнография институтының бұрынғы директоры, шығыстанушы, директоры, шығыстанушы, профессор А. Семенов пайдаланған сияқты А.Семеновпен енгізілді. Темір басқарған кезеңде оның жақтастары солтүстіктен, яғни Дешті-Қыпшақтан келетін өзбектермен үнемі шайқасып отырды.

Фазлаллах ибн Рузбихан «өзбектерге» үш қоғамдастықты және үш тайпаны жатқызды. Ол былай деп жазды: «Үшеуі (бұл қоғамдастықтың) өзбектерге жатады және олар Шыңғыс хан иелігіндегі ең атақтылар. Қазір олардың бірі шибанидтер және ата-бабаларынан кейін әмірші болған мәртебелі ханы олардың билеушісі. Екінші тайпа (тайиф) – қазақтар, әлемде күшімен және жаужүректікпен атақты. Үшінші тайпа – маңғыттар, оның ішінен астрахандық Қажы Тархан (Астрахань) патшалары». Екінші бір топ зерттеушілердің ойынша, Алтын Орданың түркі-моңғол тайпалары өздерінің атауларын «еркін» болып өмір сүргендіктен алған («өз» – өзі, «бек» – мырза, қожа, яғни «өз-өзіне қожа»). Бұған дәлел ретінде Өзбек ханның қызметіне дейін бұл политоним ұзақ уақыт бойы белгілі бір әлеуметтік топтың атауы ретінде қолданылған деген қорытынды жасалады (А. Семенов, Г. Вамберн, Г. Ховорс, Г. Хидояттов, М. Казвини). Қыпшақтардың 92 тармағына көптеген тайпалар кіреді және олар Әбілқайыр ұлысы ыдырағаннан кейін жеке қоғамдастықтар болып бөлінді: минг, қоңыраттар, ұйғырлар, наймандар, керейттер, бүркіттер. Айта кету керек, XIV ғасырдың аяғында өзбектердің ханы ретінде Токтамыс пен Ұрыс ханды (Ұрыс, Ұрын) – қазақ билеушілері Керей және Жәнібектің ата-бабаларын атаған. А. Левшин бойынша Ұрыс ханның шын аты – Ақнияз, ал мұсылман аты (лақаб аты) – Мұхаммед.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, «қазақ» этнонимі «кезбе» мағынасын білдіреді, яғни бөлініп кеткен, өз бетімен көшіп жүрген еркін адам. Егер мұқият қарайтын болсақ, онда «өзбек» және «қазақ» сөздерінің түбірі ұқсас екенін көруге болады. Өкінішке орай, Отандық тарихнамада Әбілқайыр ханның жеке тұлғасын бағалау өз уақытында Мұхаммед Қайдар Дулати

«Та'рих-и-Рашиди» еңбегінде берген баға шеңберінен шыққан жоқ. Аталған туындының авторы оны Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей мен Жәнібектің қоныс аударуын тудырған көптеген асқинушылық істерде кінәлайды. Өзбек тарихнамасы бойынша Әбілқайыр Дешті-Қыпшақ билеушісі екені айтылады және ол Самарқан пен Бұхараға, Әмір Темір империясына бірнеше басып кіруді жасаған деп есептеледі. Сонымен қатар ол қазіргі Қазақстан далаларының отырықшы мемлекеттеріне келіп тұрған Еуразияның еркін көшпенділерінен шыққан деп есептеледі. Бірқатар ғылыми ізденістер шығып, онда Алтын Орданың тарихы мен құдіретті мемлекет ыдыраған кезеңде қаланған жаңа хандықтардың қалыптасуы әділ және жан-жақты қарастырылады. Әбілқайыр ұлысының тағдыры неғұрлым егжей-тегжейлі С.Кляшторныйдың және Т.Сұлтановтың «Қазақстан: үш мың жылдық шежіре» атты еңбегінде және басқа да авторлар туындыларында қарастырылған.

13. Әбілқайырдың өмірге келуі мен ер жетуі

Шибан (Шейбан, Сибан) Жошының кіші ұлдарының бірі болды. Әкесінің өлімінен кейін жерді бөлу кезінде оған кіші ұлы ретінде Орал мен Еділ аралығындағы аумағы, сондай-ақ Ырғыз, Ор, Елек және Сырдария жағалаулары бұйырды. Шейбанидтер (Шайбанидтер) Алтын, содан кейін Ақ Орданың билігі үшін күреске белсенді және бар күш-жігерімен қатысты.

1373 жылдан 1374 жылға дейінгі кезеңде Шейбанидтер әулетінің билеушілері Сарайшықта монеталарды соғып шығарды. Бұл қала Атырау қаласынан 40 шақырым жерде Жайық өзенінің жағалауында орналасқан.

Бату өзінің кіші інісі Шибанға 15 мың отбасыдан тұратын және Орда Еженнің иеліктерінен батысқа қарай көшіп жүрген тайпалардың үстінен билік етуді тапсырған. Орта ғасырлық тарихшы Махмұд ибн Вали мынаны хабарлайды: «Шибан хан – Жошы ханның ұлы, ал ол – Шыңғыс ханның ұлы, жетіжылдық жорықта астарды, русстарды, черкестерді және бұлғарларды жаулап алу кезінде бар ынтасын салғаны үшін Бату хан ағасы

оған сыйақы ретінде төрт омақа берген». Бұл омақалар – қосшы, найман, бұйрақ және қарлұқ тайпалары болатын.

Бату хан және оның ізбасарлары алтынордалық тақта біртұтас мемлекеттің билеушілері болған жоқ. Жошы ұлысы дербес бөліктерге ыдырап, Сарайдағы ставкаға бағаланған түрде ғана бағынды. Алтын Орданың өзінде ұлыстық жүйе қалыптасып, осылайша көшпенді империяның біртұтастығының құлауына бірте-бірте ықпал етті. Бердібек хан қайтыс болған кезде, 1360 жылы таққа Шейбанидтер және тоқа-темуридтер әулетінің мүшелері үміткер болды. Қазақтың хандары Керей және Жәнібек тоқа-темуридтер (Орда Ежен) үйінің өкілдері болды. Бұл ұзақ уақыт бойы өшіп жатқан бәсекелестік XV ғасырдың ортасында әлі талай рет қайта жанданған.

1412 жылы Ибраһимнің ұлы Даулет шахтың отбасында Әбілқайыр дүниеге келген. Бәлкім, бұл – болашақ хан, ерте ата-анасыз қалғандықтан туған бауырлары болмаған. Әбілқайырдың туған жері қазіргі Қазақстанның батыс бөлігі, Жайық және Ембі өзендерінің маңы болған. Сарайшықта Шейбанидтер отбасының өкілдері тұрғандығын ескерсек, болашақ ханның туған жері дәл осы қала болуы мүмкін.

Әбілқайырдың атасы және әкесінің иеліктері Ноғай Ордасының аймағымен, сондай-ақ Ақ Орданы билеушілердің басқа да жерлерімен көршілес болды. Алтын Орданың ыдырауы кезінде көшпенді мемлекеттердің арасында айқын белгіленген шекаралар болған жоқ. Сол кезде сол немесе басқа ұлысқа кіретін тайпалар көшпелі болған. Жиі түрде, түрлі билеушілердің еркі бойынша ірі рулар бөлініп, басқа жергілікті билеушінің иелігіне өтетін.

Жас Әбілқайыр тұрақты түрде соғыс және қақтығыстар болып тұратын ортада өсті. Сол уақыттың дәстүрлеріне сәйкес оны аталық қадағалаған (қаз. тәлімгер). Бұл тәлімгердің міндеттеріне кішкентай ханзаданы мемлекетті басқару өнеріне және әскериістерді жүргізуге үйрету кірді.

Әбілқайырдың балалық және жасөспірім жылдары туралы біз «Әбілқайыр ханның тарихы» еңбегін жазған және ұлы хан туралы көптеген мәліметтер жинаған Масуд бин Усман Кухистани еңбектерінен білеміз. Ол Дешті-Қыпшақ

билеушісінің ұлы – Сүйініш Қожа ханның хатшысы болған және оның басқа мұрагерлері тұсында да қызмет еткен.

Кухистани өзінің еңбегін шамамен 1540 жылдан 1551 жылға дейінгі кезеңде жазған. Айта кету керек, бұл автор көптеген фактілерді өзгертіп, оларды Әбілқайыр ұрпақтарының берген тапсырысы бойынша ұсынған. Өзбек зерттеушісі Б.Ахмедов, «Тарих-и Абулхайр хани» еңбегі Әбу ал-Латиф ханның тапсырысы бойынша жазылған деп есептейді.

Масуд Кухистанидың барлық қателіктерін ескергеннің өзінде де, қыпшақтар ханының өмірін жүйелі түрде баяндап берді. Және зерттеушілердің пікірінше, тарихты зерттеушілерге «үлкен көмек көрсетті». Ол Әбілқайырдың жасөспірім шағын егжей-тегжейлі сипаттаған. Кухистани өзінің «Та'рих-и-Кипчаки» еңбегінде қыпшақтардың болашақ билеушісі, балалық шағында туыстық қатынастардың себебінен шейбанид Жұмадық ханның үйінде тәрбие алғаны туралы жазады.

Әбілқайырдың әкесі Дәулет шейх Ертіс жағалауының сол жағы мен Тобыл өзенінің құйылысындағы жерлерге иелік еткен. 1426 жылы қақтығыстардың бірінде Дәулет шейх өзінің жауы Азиз ханмен өлтіріледі.

Әбілқайыр Дәулет шейхтың (шыхтың) жалғыз ұлы болды. Сондықтан әкесі қаза тапқан кезде ол шамамен 14 жаста болатын. Бұл қайғылы оқиға болашақта өзінің үлкен салдарын тигізді. Бәлкім, Әбілқайырдың кеудемсоқтығы мен қатыгездігі осы қайғылы оқиғамен байланысты болу керек. Оның үстіне сол уақытта Дешті-Қыпшақ жеріне өзара қақтығыстар мен бүліншіліктің жаңа толқыны келген болатын. Әрине, бастан кешкен бұл жан жарақаттары мен реніші Әбілқайырды өмір бойы қалдырған емес.

Мүмкін, балалық шақта бастан кешкен осы оқиғалар Әбілқайыр тұлғасында жоғары еріктікті тәрбиелеп, ерте есеюіне ықпал етті. Ол 16 жасының өзінде танылған көшбасшы болып есептеліп, Жұмадық ханның сенімді серігі болған.

Кухистани мынаны хабарлайды: «Ғази (Кази-каз) – маңғыттар биі, Идику-бидің (Едігенің) ұлы және әкесінің үлгісімен ноғайлардың басшысы болған. Көп ұзамай ноғай тайпалары өздерінің жаңа билеушілеріне қарсы шығып, Шейбанид Жұмадық ханның қоластына көшті. «Алайда, – деп

жазады Кухистани, – үміттенген Жұмадық ханның ізгілігі мен мейірімділігі ақталмады».

Ноғайлар Жұмадық ханнан көшіп кетіп, Джайтар-Джалкин (орыс транскрипциясы) жеріне келеді және басқа әмірлермен бірігеді. Осы оқиғаға ызаланған Жұмадық хан бірбеткей көшпенділерді жазалау үшін өз әскерлерін жинауға бұйрық береді. Шейбанид әскерінің сол жақ қанатын 16 жасар Әбілқайыр басқарады. Джайтар-Джалкин маңындағы шайқаста Жұмадық ханның әскері жеңіліске ұшырап, ал жас Әбілқайыр тұтқынға түседі. Бұл шайқастың орны Солтүстік Қазақстанның даласында орналасқан Жалтыр көл болуы мүмкін. Мұнда жақын жерде Жаркөл көлі орналасқан. Ноғайлықтардың көрнекті әмірлерінің бірі, шығу тегі маңғыт болатын Сарғыт-Шиман тұтқынға түскен Әбілқайырды шамасы білген болу керек. Оны қорғап қалып, кейінірек оған аттар беріп, көрнекті дала басшысы болған Алаш-баһадүр даласына кетіп қалуға көмектеседі.

14. Әбілқайырдың хан дәрежесіне көтерілуі

15 ғасырдың ортасында тарих сахнасынан Темірлан, Тоқтамыс және Едіге секілді ұлы қайраткерлер кетеді. Олардың орнына жаңа тұлғалар мен билеушілер келген. Сол дәуірдің жарқын өкілдерінің бірі Әбілқайыр болды. Белгілі болғандай, XIV және XVI ғасырлар арасында Ақ Орданың барлық көшпелі тайпаларын «өзбек» деп атаған. Айта кету керек, сол жылдары белгілі саяхатшы Марко Поло бұл көшпенділерді Жайық өзені жанынан кездестірген. Жергілікті халықты өзбек және қазаққа түпкілікті бөлу кейінірек, Керей мен Жәнібек қоныс аударғанда болды. Межеленіп бөліну ұзаққа созылып, жүзжылдықтан соң ғана Кеңес Одағының аясында Қазақ және Өзбек КСР құрылғанда ғана өзінің түбегейлі шешімін тапты. Сонымен бірге бұл тайпалар XIV-XV ғасырларда Сібірде, Дон мен Еділ аралығында, Қазақстанның батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің маңында көшіп жүрген. Оларды бір уақытта шейбанид өкілдері басқарған. Алайда адамзат тарихында маңызды оқиғаларда ірі тұлғалардың белгілі бір рөлді атқарып, кейін көлеңкеде қалып қойған жағдайлар аз емес.

Әбілқайыр хан өз уақытының осындай белгілі тарихи тұлғасы болған. Оны Дешті-Қыпшақ патшасы, Ақ Орда билеушісі, Әбілқайыр ұлысының негізін салушысы кейде «көшпелі өзбектердің» ханы, сондай-ақ «Бұзұрық ханы» (орысша Үлкен хан) деп атаған.

«Тарих-и-Абулхаир хани» еңбегінде Әбілқайыр ханның «Саин хан» тағына, яғни Ұлы Батыйдың тағына отырғандағы туралы хабарланады. Тіпті оның қысқа мерзімге таққа отыруының маңызы зор. Бұл оқиға Еуропаның батыс бөлігінде, мүмкін Сарай-Беркеде немесе Сарайшықта (Кутлукент) болған. Әбілқайыр Дәулет қажының ұлы, шейбанидтер әулетінің өкілі болған және тарих сахнасына Алтын Орданың жанталасқан мемлекеттерінің орнына, жаңа халықтар мен мемлекеттер пайда болған орта ғасырлар кезеңінде үлкен рөл ойнаған.

Жас Әбілқайырды көптеген ықпалды тайпалар және олардың басшылары қолдады. Кухистани, маңғыт, қият, найман, дурман, кушчи, ұйғыр, қарлұқ, үйсін, қоңырат, минг сияқты және тағы басқа ежелгі рулардан шыққан көрнекті әмірлерді, билерді, қажыларды және әскер басшыларын егжей-тегжейлі атап өткен. Кейінірек бұл тайпалар қазақ және өзбек халықтарының негізін қалаған. Жас Әбілқайырдың өміріндегі барлық негізгі оқиғалар қазіргі Қазақстанның солтүстік және орталық облыстарында, сондай-ақ Чинги Тура төңірегінде (қазіргі Түмен, Ресей) болған.

«Та'рих-и-Кипчаки» еңбегінде Дешті-Қыпшақтың ұлы билеушісінің қызметіне жарық төгетін ақпарат бар. Бұл еңбектің авторы Қожамқұлы бек Балхи болып табылады және ол еңбек 1722 жылдан 1725 жылдар аралығында жазылған. Бірақ бұл еңбек парсы тілінде жазылған, сондықтан түркі аттарының және топонимдердің бұрмалануы әбден мүмкін. Бұрынғы шығармалардан айырмашылығы бұл еңбекте болған оқиғалардың мерзімі көрсетілген. Ол хан өмірінде болған қызық оқиғаларды келтіреді. Әбілқайыр мен Жұмадық ханның қарым-қатынасында елеулі алшақтық пайда болады. «Та'рих-и-Кипчаки» еңбегінде келесі маңызды ақпарат келтіріледі: «Аталған хан (Әбілқайыр), сол құпия туралы біліп қойып, хан әскерлерінің бір бөлігімен бөлініп, оның туған жері болған Джитарға қашып кетеді». Бұл жерде қай жерлер туралы сөз

болғаны түсініксіз, мүмкін, Джитар – бұл Джайтар-Джалкин. Әбілқайыр Дешті-Қыпшақта беделі көтеріліп, өзінің жақын жанашыры Жұмадық ханға әскермен қарсы шығады. Оның атынан көшпенділердің дәстүрі бойынша батырлар арасындағы «жекпе-жекке» Сағынқожа-оғлан шығып, осы шайқаста өлтіріледі. Содан кейін «Та'рих-и-Кипчаки» еңбегінде жазылғандай қантөгіс шайқас басталады: «екі жақ әскерлерінің айқайлаған дауыстары естіліп, әлем ұрысты тілеген адамдармен толғандай болады». Бұл шайқаста Әбілқайыр жеңіске жетіп, Жұмадық хан қаза табады.

Әбілқайыр өзінің әскерімен көшпенді өзбектердің «негізгі ордасына» оралып, онда «ұлы той» жасалады. Бұл туралы «Та'рих-и-Кипчаки» еңбегінде мына қысқа өлең жолдары келтірілген: *Абу-л-Хайр-хакан – Әлемдегі пана Сол бір патша өз басына сол патшалық кулахты кигізді.* Тойдан кейін Әбілқайыр шағатаидтар әулетінде көрнекті тұлға болған, басқа ықпалды дала басшысы – Махмуд ходжа ханмен шайқасу үшін жорыққа шықты. Тобыл (Тобол) өзені жанындағы шайқаста көшпелі өзбектер жеңіске жетіп, содан кейін Әбілқайырды «Хан-и-Бузург» деп атай бастады. Ол өзінің он жеті жасында үлкен ұлыстың басшысына айналады. Әбілқайыр таққа отырғаннан кейін Сарғыт-Шиман маңғытқа, сондай-ақ Алаша баһадүрға патшалық жоғары сый-құрмет көрсетеді.

Айта кету керек, Әбілқайырды тұтқындаудың және оның таққа жоғарылауының басқа да нұсқасы бар. Ноғай Ордасының тарихын зерттеуші В.Трепавлов қазақ дерек көздеріне отырып келесі қорытындыға келеді: «Ғази Абул-Хаир патшаның көшпелі ақсүйектерінің сөз байласуының нәтижесінде өлтіріледі. Өзінің беклербегін өлтіргеніне ашулы Жұмадық, соның құзыретінде болып есептелген Абу-л-Хаирға қарсы жорыққа шығып, сол шайқаста қаза табады. Абу-л-Хаир таққа отырады».

Татар ғалымы М. Сафарғалиев өзінің зерттеулерінде С.Ибрагимовтың еңбектеріне сүйеніп, Әбілқайыр Қажы Мұхаммед ханға тұтқынға түскенін көрсетеді. Әбілқайырдың жастығын ескеріп, ол оны кешіреді. Ұлысына қайтып келгеннен кейін Әбілқайыр өзінің айналасына Жұмадық ханның қолдаушыларын жинай бастайды. 1429 жылы 17 жасар

Әбілқайыр хан болып жарияланып, мемлекеттің тағына отырады. Ресейлік ғалым Д. Маслюженко оған тәж кигізу жорасы 1430 жылы өткізілген деп есептейді. Әбілқайыр ханның жоғарылауында Ноғай Ордасын негізін қалаушы және алтынордалық басшы Едігенің немересі – Уақастың рөлі ерекше маңызды болды. Орта ғасырлық дерек көздері мынаны баса көрсетеді: «олар бір тостағаннан ішіп, бірге жүрген, бірі – хан, екіншісі – оның әмірі». Шамамен сол кезеңде Әбілқайыр және Қажы Мұхаммед (Махмұт-қожа хан – Кухистани бойынша) әскерлерінің арасында шайқас орын алды. Бірақ Әбілқайырдың хан болып сайлануы осы оқиғаға дейін бе әлде одан кейін бе, болғаны туралы нақты мәліметтер жоқ.

15. Сібірді жаулап алу

Қажы Мұхаммед, Махмұд қожа хан (XV ғасыр) – көрнекті Шейбанид басшысы, алтынордалық Каганбек ханның ұлы, Меңгу-Темір ұрпағы. XV ғасырдың басында Қажы Мұхаммед түмен басы Едігемен одақ құрып, Едіге оған кездесуде былай дейді: «Сен бізбен бірге қал, егер Құдай менің ісімді жүзеге асыруды көмектесетін болса, онда сені хан етемін». 1420 жылы олар Тоқтамыстың ұлы болған және Алтын Ордада өзінің әкесінің билігін алған Қадырберді әскерлерімен иық тіреді. Орал өзеніндегі шайқас кезінде Едіге қаза тауып, одан кейін оның ұлы Мансұр Қажы Мұхаммедке Алтын Орданың ханы болуға көмектесті. Бірақ көшпелі империя сол уақытқа дейін ыдырап, Шейбанид билеушісіне Жошы ұлысының шығыс бөлігі ғана жетті. Ол маңғыттардың бір бөлігінің қолдауына ие болып, урусид Барақ ханмен, сондай-ақ өзінің туысы Жұмадық ханмен соғысты жүргізді. Сонымен қатар, бірқатар дереккөздері жас хан жеңіске жеткен Қажы Мұхаммедпен шайқасты әртүрлі хабарлайды. Сондай-ақ ол осындай ерте жаста Өзбек ұлысының Тобыл өзені маңындағы ханы болып жарияланғаны туралы мәлімет бар. Өзбек ғалымы Бөрібай Ахмедовтың жазуы бойынша, болған оқиғалардан кейін «Әбілқайыр хан өзінің алдына тек Шибан иеліктерін біріктіру ғана емес, сондай-ақ Жайық өзенінен шығысқа қарай

орналасқан, бұрын Алтын Ордаға бағынышты болған барлық жерлерге билік етуге мақсат қояды». Шамамен осы кезеңде Әбілқайырды Дешті-Қыпшақтың иеленушісі деп атай бастаған. Толық баяндау мақсатында, осы арада біз түрлі ортағасырлық авторлардың шығармаларынан үзінді келтіреміз. Махмұд Кухистани Әбілқайыр ортасына жақын енген танымал тұлғалардың есімдерін атап өтеді: «[Әбу-л-Қайыр] қазақтанған кезінде түсінушілік танытқан әмірлер қоғамдастығы (джама'ат) ханның қуатты болуына себепші болды. Олардың есімдері мынадай: Йахши-бек-баһадүр, Құтлық-Бұқа-баһадүр, Й'акуб және Қара-Қирай [и] Шейх-Суфи-бек; күшші елі – 'Әли-Қажы және Дәулет қожа адамдарынан; найман адамдарынан [тайпасынан] – Қара-'Усман, Сопыбек және Ақча-Урус; ұйғыр адамдарынан [тайпасынан] – Ходжа-Лак-баһадүр; құрлаут адамдарынан [тайпасынан] – Йумадук-баһадүр, Сабур-Шайх-баһадүр және Йадгар-баһадүр. Бұл қоғамдастықты [Абулхаир хан әмірлерін] [оларды] тілектестік білдіргені үшін Чинга-Тура даруг уәлаятінің лауазымына тағайындады. Басқалары «ишкі» адамдарынан [болған] – Имин-ходжа және Сафар-ходжа және дүрман адамдарынан Кирайли-Тирчак-баһадүр. Бұл аталған қолдаушылар [Абулхаир ханның] қазақтануы кезінде адалдық танытқан және мемлекеттерді жаулап алған».

Мемлекеттерді жаулап алғаннан кейін [жан-жақтан] келген Хан-и Бузырық әмірлерінің басқа қоғамдастығы туралы. Қыйат адамдарынан [тайпасынан] – Бузунджар-бек, 'Алибек қоңырат және Мухаммад-бек; туман адамдарынан [тайпасынан] – Тангри-Берды-бек; маңғыт адамдарынан [тайпасынан] Идикубек және Кази-бек – бұл әмірлер де адалдықты танытып, Саин [-хан] тағын екі мәрте жаулап алды. Олардың заманында аймақтағы тұрғындар өте абаттандырылған, тыныш және қамқорлықта еркін өмір сүрді «Ұлы ханның (хан-и бузургвар) кейбір басқа әмірлері: Мұрат-Сопы-бек, Қажы-бек, Сопы-бек және Йапагу-бек; хитай адамдарынан [тайпасынан] – Шадман-бек және Қирай-Қажы-бек; найман адамдарынан [тайпасынан] – Абу Бакр-бек, 'Умар, 'Усман-бек және 'Әлибек; танкут адамдарынан [тайпасынан] – Мұрат-Сопы-оглан және Шайх-Сопы-оглан; шынбай адамдарынан [тайпасынан] – Хусайн-оглан; Бұл әмірлер мен баһадүрлер қоғамдастығы ханның

қуатты болуына себепші болды».

Әбілқайыр – ханның қолдаушылары арасында Бұхара және Самарқан қаласында діни білім алған қажылар, араб миссионерлері ұрпақтарының елеулі саны болды. Маңғыттар және қазақтар дала дәстүрлерін көбірек ұстанды. Күрлеуіт тайпалары қазіргі уақытта қыпшақтар ретінде Түменмен жанасатын Қазақстанның солтүстік облыстарында тұрады. Бұл рулар Сібірде қалуы мүмкін немесе Әбілқайыр қайтыс болған соң және «Өзбек» ұлысының ыдырауы басталған кезде далалыққа қайтып келген. Мұнда найман, керей, ноғай тайпаларының өкілдері көп.

Жас хан тәкаппар (білімге ұмтылуы) және батыл болды. 1428/29 жылдары Чинги-Тура (Тара, Тура) Сібірлік аймақтың астанасына жорық жасалады. Бұл қала қазіргі ресейлік Түмен қаласының қасында орналасқан болатын. Әлі күнге дейін Сібірдегі өзендер, көлдер, қалашықтар атаулары қыпшақ тілінде сақталып қалған: Тура (қаз. тікелей), Чинги-Тура, Курган, Тюмень (Түмен) және көптеген басқа атаулар.

1428 жылы наурыз айында Чинги-Турада құрылтай өткізіліп, Әбілқайыр құрамына 25 тайпа кіретін сібірлік көшпелі конфедерациясының ханы болып сайланды. Сондай-ақ, мұнда жас хан «Бүркіт» тайпасының басшысы – Ағанак бикенің қызына үйленетіні туралы хабарланады және ол кейін Шейх Бұдақтың анасы болды. Қажы Мұхаммедтің қайтыс болуы туралы ақпарат бар. Тарихшы М. Сафарғалиев Хазиз-эль-Ташкенди айғағын келтіреді және онда оның өлімі сатқындықпен байланысты екенін көрсетеді. «Әбілқайыр оғлан – Шыңғыс хандар қатарынан, Езбек ұрпақтарының бірінде, аңшылықта жебе оғын жіберіп, сатқындықпен оны өлтірген, өзі одан кейін Дешті-Қыпшақта жоғарылап, Қажы Мұхаммедтің әйеліне үйленеді». Бұл оқиға сол қатыгез уақытқа тән еді. Сол 1428 жылы (Т. Сұлтанов) Өзбек ұлысын иеленушілердің бірі Жәнібек пен Керей сұлтандардың атасы – Барақ хан қаза тапты. Оның қайтыс болу себебінің мән-жайлары белгісіз, бірақ оның өліміне шейбанидтер өкілдері кінәлі болуы мүмкін. Онда Керей мен Жәнібектің Әбілқайырмен ұзақ уақыт бойы болған араздығы түсінікті болады.

16. Көшпелі өзбек мемлекеті

Әбілқайырдың көптеген тайпалары мен рулары көшпенді өмір салтын жүргізді. Бірақ бұл жерде «көшпенділер қоғамы» және «көшпенділер әлемі» түсініктерін анықтаған кезде «артта қалушылық» немесе «регресс» сияқты жабайы көріністермен байланыстырудың қажеті жоқ. Орта ғасырларда еуразиялық көшпенділер әлем тарихында түбегейлі өзгерістер жасаған.

Алтын Орда, Осман империясы ескірген отырықшы әлемге, оның ішінде: Хорезмшах мемлекеті, Византия империясына, Араб халифаттары мен әмірліктеріне жаңа өмір әкелген. Сол уақыттың хроникалары хабарлайтындай, көшпенділер өздерінің орасан зор қашықтықты бағындыру, жаңа шаруашылық ұйымдарды құру, күшті әскери бірлестіктерді құру қабілеттілігімен әлем бейнесін өзгертіп отырды. Еуразияның көшпенділер әлемі қатаң түрде одақтарға, руларға және туыс тармақтарына бөлініп, оларды көсемдер мен сұлтандар басқарды. Олар мемлекеттік құрылымдар түрінде болып, құрамына жылжымалы ауылдар ғана емес, ірі қалалар мен сауда орталықтары кірді.

Әбілқайыр мемлекеті ауқымы жағынан орасан зор ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге ол жылжымалы және мобильді болды. Көшпенді тайпалар өздерінің солтүстіктен оңтүстікке және кері қозғалысында тек алыс қашықтықтарды ғана бағындырып қоймай, сондай-ақ бірнеше рет қатал ұрыстардың қатысушылары болатын. Хабарлардан белгілі болғандай: хан жауынгерлері мен жақтастары өздерінің отбасымен, мүлкімен және қоңсыларымен Сібірден Ұлытау жағына және Сығанақ қалаларына қарай көшкен. Сақтық мақсатында күзетші бекеттері қойылып, қарауылдық және пошта қызметі әрекет еткен.

XV ғасырдың басында Дешті-Қыпшақ халқының Мауереннахрға ірі көші-қоны болып өткен. Адамдардың үлкен тобы ұйымдасқан және үйлесімді түрде қозғалып көшкен. Олар тек азық-түліктің үлкен қорын өздерімен бірге алып қана қоймай, таза ауыз суы жеткілікті орналасқан жерлерде ғана жылжуға міндетті еді. Осы тайпалардың жүріп-тұру жүйесі зерделенген жолмен болғанына қарағанда, оларға жергілікті

жерді жақсы білетін тәжірибелі жолбасшылар көмектескен. Әбілқайыр әскерлері және құзыретіндегі адамдар Чинги-Турадан Атбасарға дейін, одан әрі оңтүстікке қарай барлық маршрутты көп шығынсыз ескере еңсеруді білді.

1446 жылдың күзіне қарай далалықтан келген ірі армия Сығанақ және Самарқан қалаларын бейбіт жолмен бағындырды. Өткізілген қазіргі заманғы деректерді талдау бойынша Дешті-Қыпшақ тайпаларының алыс қашықтықтарға көшуі бойынша тарихшы Б. Ахмедов оларды көшпелі өзбектер ретінде топтастырды.

Әбілқайыр хан үлкен қолбасшылық қабілетке ие болды. Ол ежелгі әскери дәстүрді шебер пайдаланды, яғни оған: әскери дипломатия, жерлерді барлау, күтпеген жерден шабуыл жасап, кейіннен жау жасақтарын (тұлғама) қоршап ортаға алу жатады. Тарихшылар ұсынысы бойынша отырықшы халықтарға жататын (М. Кухистани) өзбек әскерлері тек мезгіл-мезгіл көшіп отырды. Шын мәнінде, олар көшпенділер сияқты үнемі көшіп отырды. Күзге қарай жылы жаққа қарай оңтүстікке жылжып, көктемде кері солтүстікке көшетін. Олар үнемі жолда болғандықтан, олардың шабуылы қарсыластары үшін кенеттен және күтпеген жерден болатын. Оларға тек өздері сияқты көшпенділер ғана қарсылық көрсете алатын. Сондықтан да Самарқан, Бұхара, Үргеніш, Сығанақ сияқты қалалық субмәдениеттер олардың оңай олжасына айналатын. Көшпенділердің күші олардың жинақылығында және әскери ерлігінде болатын. Айта кету керек, Әбілқайыр хандығының тарихына қатысты ғылыми жұмыстардың ішінде профессор Меруерт Қуатқызы Әбусейітованың және философия докторы (PhD) Жақсылық Сәбитовтың белгілі жұмыстары бар. Ж.Сәбитов өзінің «15 ғасырдың 30–50 жылдардағы Дешті-Қыпшақтағы оқиғалар хронологиясы» баяндамасында, Б. Ахмедовтың өзінің «Көшпенді өзбектер мемлекеті» атты 1965 жылы жариялаған еңбегінің барлық хронологиялық құрылымының негізіне өз кезеңінде әділ сыни талдау ешкім бермеген Масуд Кухистанидің жазбаларыналғанын хабарлайды.

«Осылайша, – деп жазады Ж. Сәбитов, – Б. Ахмедов монографиясында жарияланбаған қолжазбаға сілтемелер

болды, әрине дерек көзін ғылыми айналымға енгізу үшін берілген дерек көзі ішкі және сыртқы тарихы сынның барлық сатыларынан өту қажет. 1969 жылдың өзінде Б. Ахмедовтың қателерінің бірі түзетіліп, Қазақ хандығының (ҚХТМ) тарихы бойынша материалдар аясында «Тарихы Абулхаир хани» сыни мәтіні басып шығарылды. Б. Ахмедовтың хронологиясы мен Масуд Кухистанидің қолжазба мәтінін салыстырғанда үш мерзім айқын белгіленген: Әбілқайыр ханның туған күні мен қайтыс болған күні және оның таққа отырған күні». Әбілқайыр ханның қозғалыс маршруттарына келетін болсақ, оның Сібір хандығының астанасына жорығы, мүмкін ол таққа отырғаннан кейін 1429 жылдың күзі мен 1430 жылдың қыркүйек айының аралығында болған.

17. Әбілқайыр хан тайпаларының көшу бағыты

Б. Ахмедовпен ұсынылған 1431 жылдан 1432 жыл аралығындағы Хорезмге қарсы әскери жорықтың мерзімі күмән келтіреді, өйткені ол кезеңде қалаға алтынордалық хан Кіші Мұхаммед шабуыл жасаған. Белгілі болғандай, Әбілқайыр таққа отырғаннан кейін өзінің тайпаларымен Сібір хандығының территориясынан оңтүстікке қарай көшіп кеткен. Сол уақытқа қарай, Кіші Мұхаммед ханның елді қайта біріктіруге және үлестік феодалдардың сепаратизмін тоқтатуға қатысты барлық талпыныстарына қарамастан Алтын Орда біржолата ыдырады. Ол тек алтынордалық таққа таласқан басқа үміткерді, өзінің аттасы Ұлық Мұхаммедті жеңе білді. Бірақ Қырымның және басқа батыс аймақтарының бөлініп кетуін алдын алуға күші жеткен жоқ. Соңғы алтынордалық хан Кіші Мұхаммед Еділде, Русь шетінде және Солтүстік Қаратеңіз маңында өзінің мықты билігін бекітті. Иә, ол өзінің Сарайдағы құқығын қорғап шықты, бірақ сол сәтте Үлкен Орда, Қазан хандығы, Қырым хандығы, орыс князьдығы мен Дешті-Қыпшақтың әскери тайпалары дербестік алып, Алтын Орданың жоғарғы билігіне іс жүзінде бағынған жоқ.

Батыс ұлыстары Ресей мен Литваға қарай тартылды.

Қырым хандығы Осман империясына шартты түрде бағынды, ал жергілікті ақсүйектер Алтын Орданың біртұтастығына мүдделі болған жоқ және Еуропамен сауданы кеңейтуге талпынды. Қазан хандығында Ұлық Мұхаммед орнығып, өз ұлысының Саин ставкасынан тәуелсіздігін жариялады. Үлкен Ордада Алтын Орданың соңғы ханы Кіші Мұхаммедтің қанды жауы болған Сеид Ахмед билік орнатты.

Алтын Ордадағы сұрапыл саяси және әлеуметтік құбылыстар ұлы Жошы ұлысының өшіп бара жатқанының тікелей айғағы болды. Осы тарихи драма аясында Дешті-Қыпшақ билеушісі Әбілқайыр және оның сенімді серіктестіктері Уақас би, Сарғыт-шиман және Алаш баһадүр де әрекет етті. «Көшпенді өзбектердің астанасын (ордасын)» Сырдария өзені ауданына көшіру туралы Б. Ахмедовтың болжамы жеткілікті дәлел таппады. Тарихшы Ж. Сәбитовтың болжамы бойынша Әбілқайыр тайпаларының көшуі 1440 жылдың ортасында немесе екінші жартысында болған. Бәлкім, Сығанақ қаласы көшпелі өзбектердің астанасы болған. Сонымен қатар, Б. Ахмедовтың далалық қолбасшылары Ахмет және Махмұтқа қарсы әскери жорықтың мерзіміне қатысты, сондай-ақ қалмақтарға қарсы соғыста Мұстафаның Әбілқайыр жағында болғандығы туралы пікірлер даулы болып келеді. Баяндамасының аяғында Ж.Сәбитов маңызды оқиғалар хронологиясының басқа нұсқасын келтіреді: «1440 жылдың екінші жартысында Әбілқайыр Сырдариядағы бірқатар қалаларды жаулап алды. Уақас алған сыйға риза болмай Әбілқайыр ханға қарсы бүлік шығарып, Гияс ад-Дина ұлын Мұстафаны ұсынады. Жеңілістен кейін Мұстафа қашуға мәжбүр болып, Хорезмді басып алады». Әбілқайыр әскерлерінің оңтүстікке жылжуы кезінде, Атбасар ауданындағы Есіл өзенінің бойындағы Икра-Туп деген жерде шайқас болған. Бұдан әрі Орда Базар, Сығанақ, Созақ, Сауран қалалары аталады. Мүмкін, көшпенді өзбектер Көкшетау таулары арқылы өтіп, Жалтыр көлі мен Атбасар өзеніне жеткен болу керек. Масуд Кухистани жылнамашысы, сондай-ақ басқа да орта ғасырлық тарихшы еңбектерінде 16 жасар Әбілқайыр қатысқан шайқастың жері Жайтар-Жалқын жиі кездеседі. Белгілі болғандай, бұл жерде Жұмадық хан әскерлері жеңіліске

ұшырап, ал Дешті-Қыпшақтың болашақ билеушісі маңғыттарға тұтқынға түскен.

18. Көшпелі өзбектер экспансиясы

Масуд Кухистанидің еңбегі Самарқан қаласында баяндалған оқиғалардан біраз кешірек, шамамен 1540 жылдан 1551 жылдың аралығында жазылғаны белгілі. Сондықтан Дешті-Қыпшақ аумағының топонимикасы туралы мәліметтердің қате ұғынылуы әбден мүмкін. Бұл мәселе түркі және парсы сөздерін аудару кезінде араб графикасын пайдаланған соң туындаған болуы мүмкін. Бұған дейін түрлі тарихшылардың еңбектерінде көрсетілген топонимдерге қатысты, қазір Жалтыр көлі мен маңындағы жерлер Ақмола облысындағы Атбасар қаласына жақын жерде орналасқанын айта кеткен жөн. Аттас Жалтыр станциясынан 80 шақырымда Ақкөл көлі бар.

Профессор Ж.Артықбаев археологиялық экспедиция құрамында олардың бұл жерлерді қарап шыққанын айтады. Орта ғасырдағы шағын қаланың қалдықтары, шығыс керамикасы табылғанын айтады. Ғалымның пікірінше, ондағы елді мекендер шейбанидтер ұлысына қарасты болған. Әбілқайырдың Махмұт және Ахмет әскерлерімен шайқасы өткен Икра-Түп қыраты Атбасар елді мекенінен алыс болмағанға ұқсайды. Бірақ «Икра-Түп» топонимінің бір нұсқасы жергілікті қыпшақ тілінде «Ақыр Төбе» немесе «Ақ Төбе» деп айтылған болуы мүмкін. Осылайша, Әбілқайыр хан өз әскерімен Чинги-Турадан қазіргі Солтүстік Қазақстан жері, Ақмола және Қарағанды облыстарының аумағы арқылы өткен. Ол біраз жыл Ұлытау тауларын мекен еткен. Бұл нұсқа өзбек ғалымы, профессор Г.Хидояттың еңбегінде нақтыланған, ол: «Хан Кеңгір өзенінің бойында орналасқан, қыпшақ даласының елордасы болған Орда-Базарға қоныс аударды. Кезінде бұл дала Бату ханның ресми резиденциясы болған еді... Одан кейін ол Түркістан округін жаулап алды», – деп жазады.

Алаша хан мен Жошы ханның кесенелері Ұлытау тауларындағы Кеңгір өзенінің бойында екені белгілі. Әбілқайыр ханның оңтүстікке, оның ішінде Хорезм мен Самарқанға алғашқы жорықтары дәл осы аумақтардан басталған. Бұл мәселені толық ұғыну үшін Ж. Сәбитовтің нұсқасын қабылдай отырып, десек те оқиғалардың уақытын және оларға қатысқан тарихы тұлғаларды нақтылау қажет.

19. Хорезмге жасалған жорық

1430 жылы таққа отырған соң Әбілқайыр хан Шейбанидтер ұлысын билей бастады. Содан кейін оны «Дешті-Қыпшақ билеушісі» деп атай бастады. Әбілқайыр кейіннен әлем тарихында бетбұрыс жасайтын түпкілікті шешім қабылдайды. Зерттеуші Б.Ахмедов «Бахр әл-Асрар» орта ғасырлық жылнамасына сүйене отырып: жас хан өз мемлекетінің сол заманда Алтын Ордада билік еткен Тоқа-Темір (Тоқай-Тимур) ұрпақтарынан тәуелсіз екенін жариялайды деп жазады. Ғалым Шейбанидтер ұлысының соңғы билеушілері – Дәулет шейх, Жұмадық хан, Махмұд қожа (Қожа Мұхаммед) алтынордалық жоғары ордаларға тәуелді болғанын байқайды. Бұл нұсқа шындыққа жанасады, себебі Жәнібектің әкесі Барақ ханға Ақ Орданың билеушісі ретінде шейбанидтер бағынған. Сүфи оғлан және оның ұлы Жұмадық Барақтың темірші Ұлықбекке жіберген елшісі болғаны белгілі. Алтын Орданың соңғы билеушілерімен байланысын үзген Әбілқайыр сол мезетте Әмір Темір мұрагерлеріне қарсы әскери науқанын бастайды. Кейін белгілі болғандай, кезінде Әмір Темір 1391 және 1395 жылдар аралығында жойқын жорықтарының нәтижесінде Алтын Орданың күдіретін біршама құлдыратты. Сондықтан да Әбілқайыр хан Ақсақ Темір әулеті едәуір қауіп төндіруі мүмкін деп санаса керек. Сол себепті ол ұшы-қиырсыз ұлан-байтақ далада үнемі көшіп-қонып, қол жинап жүрген. Ал көшкен өзбектер тайпасы бірде Сырдария маңындағы қалаларда, ал енді бірде ноғайлар көршілес тұрған батыс шекараларда күтпеген жерден пайда болып отырған, ал кейде Оңтүстік Сібір

жеріне жақын келген. Академик Ә. Марғұлан Әбілқайыр 1430–1468 жылдар аралығында Орда-Базарды Жошы кесенесіне жақын жерде, Ұлытау тауларының маңайындағы солтүстік астанасы еткен деп санайды. Тарихшы Сарысу өзенінде хан резиденцияларының: Белен Ана және Ала теге қираған орындары бар деп көрсеткен.

Тарихшы М. Сафарғалиев «Жылнамалар жинағына» сүйене отырып Атбасар мен Есілдің жанында Әбілқайыр ханға қарсы тұрған Махмұт пен Ахмет өлтірілген Қажы Мұхаммедтің ұлдары болуы мүмкін деген нұсқасын білдірді. Бұл болжам рас болса, әңгіме қанды кек алу туралы болып отыр. Сонымен қатар, болған оқиғалар ақсүйектердің түрлі әулеттерінің мүдделерінің қарама-қайшылығын ғана емес, Шибан ұрпақтарының ішінде де қақтығыстар болғанын білдіреді. Профессор Г. Хидояттов Әбілқайырдың солтүстік аймақтардан қоныс аударуына қатысты қызық пікірін білдірді. «Сібірдің ауа райы қатал әрі суық. Көшпенді өмір салты ауыр әрі қиын бола бастады. Бірқатар тайпалар өмір сүруге қолайлырақ аймақтарды іздеу үшін оңтүстікке қарай қоныс аударып бастады», – дейді ол.

Қазақстандық ғалымдар Хорезмге әскери жорыққа әзірленген Әбілқайыр өз назарын Сібірден Ұлытауға аударуға шешкен деп болжайды. Аласа, бірақ әсем бұл таулардың атауы қыпшақ тілінен «Ұлы таулар» деп аударылады. Жергілікті жерлер көне аңыздар мен әфсаналарға толы. Дәл осы жерде Қаракеңгір өзенінің бойында Жошы хан мен Алаша ханның кесенелері бар. Сонымен қатар бұл өңірлерде Орда-Базар көшпенділері болған Жошы хан кесенесі XIII ғасырдағы сәулет өнерінің ескерткіші болып табылады. Ол Қарағанды облысы Ұлытау ауданында Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде орналасқан. Ежелгі аңыз-әңгімелер бойынша бұл кесенеге Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы жерленген. Ұлытау жері жайлаудағы мал шаруашылығын жүргізуге өте қолайлы. Өзендердің жанында мал бағуға жайлы шабындықтар бар. Стратегиялық тұрғыдан Ұлытау Дешті-Қыпшақтың кіндік ортасында орналасқан. Асқақ таулардан солтүстікке қарай Сібір хандығы мен Ноғай Ордасы орналасқан еді, ал оңтүстігінде Түркістан мен Ташкент, шығысында

Балқаш көлі мен Моғолстан аумағы болды. Осы киелі жерлерге орын тепкен Әбілқайыр хан өзінің Шыңғыс ханның мұрагері екенін нақтылағандай болды. Бұл кезде Алтын Ордада Батудың ұрпақтарын дала билеушісі Бердібек қырып-жойған болатын. Осы оқиғадан кейін қазақтар мен өзбектердің арасында «Нар мойыны үзілді» деген мәтелдің пайда болғаны қызық, оның астары ұлы әулеттің үзілгенін білдіреді. Бердібек көз жұмған соң Алтын Орда жерін шейбанидтер мен Тоқа-темір ұрпақтары биледі.

1431 жылы Әбілқайыр ханның Хорезмге әскери жорығы басталады. Сол кезде оның жасы небәрі 20-да еді. Бұл бір тамаша әскери жорық болды: көшпенді өзбектер әскері Сібірден, Тура қаласынан шығып, жеңіспен Орта Азияның оңтүстік аймақтарына аяқ басып, дұшпан мемлекетінің астанасы Үргенішті еш шайқассыз басып алды. Шет-шегі жоқ сайын дала мен бір тамшы суы жоқ шөлдерден өткен әскер 3000 шақырымнан астам жол жүрген. Әбілқайыр ұлы Темірден өш алу мақсатында жауап қайтарған тәрізді. Көшпелі өзбектер Темір әулеті билеген аумаққа жеңіспен кіріп, олардың астанасы Самарқанды жаулап алды. Шейбанидтік жылнамашы Масуд Кухистани бұл ұлы жорық туралы ештеңе жазбады. Тіпті М.Сафарғалиев, Б. Ахмедов тәрізді білгір зерттеушілердің өздері Әбілқайырдың Сібірден Орта Азияға кетуі туралы қысқа ғана жазған. Қоныс аудары себептеріне қарамастан, Дешті-Қыпшақ әскері аса қиын жорықты бастан кешті. Тарихшы М. Сафарғалиев:

«Неліктен жеңімпаз Әбілқайыр ханның мемлекетінің астанасына енді ғана айналған Тара (Түмен) қаласын тастап, Сібірден оңтүстікке кетуге, сөйтіп Орда-Базар қаласына қоныс тебуге мәжбүр болды?» – деп сұрақ қояды. Б. Ахмедов: «Орда-Базар болған жерді нақтылау мүмкін болмады», – деп жазады. Бұл ойды тарихшы М. Сафарғалиев жалғастырады: «Қажы Мұхаммедті жеңген соң Сібірде Мұхаммет пен Ахмет ұйымдастырған Әбілқайыр ханға қарсы көтеріліс болды деп ойлау керек, бұл Әбілқайырдың Хорезмге кетуіне себеп болған». Орта ғасырлық жылнамашы Кухистани Әбілқайыр ханның әскери жорықтардан өз астанасы Орда-Базарға оралғаны туралы бірнеше рет жазады. Бірақ ол бұл елді

мекеннің нақты қайда орналасқаны туралы айтпайды. Бұл қисынды да, себебі, Орда-Базар (жоғары хан базары) әскердің соңынан ілесіп отыратын көшпенді қалашық болған, ол дәуірде бұл заңды да. Мұндай бірегей жылжымалы лагерлер әскер мен қарулы жасақтардың тылы болып қана қоймай, қажет болған жағдайда айнала қоршап қорғаған. Сауда келісімдер де осында жасалған, елшілер қабылданған. Қытайдан келген тарихшы, этникалық қазақ Н. Кенжеахмет Әбілқайыр ханның өз дипломаттарын Минь империясына жіберіп отырғанын анықтады. Көшпенді өзбектер мемлекеті өзінің шығыс одағымен Дешті-Қыпшақ үшін көп қауіп төндіре бастаған қалмақ жауынгерлерімен күресу мақсатында қарым-қатынас орнатпақ болды.

Тұрақты орын тепкен қалалардан өзгешелігі, Орда-Базар шалғай жерлермен жылдам жүре де алған, бір жерлерге жылдам тұрақтай алатын да болған. Жәмшік пошта қызметі жұмыс істеген. Осындай көшпенді Орда-Базарлар Алтын Орданың барлық аумағында, Қырымнан Моңғолияға дейінгі аралықта болған. Жылжымалы лагерлердің қызметі туралы белгілі қазақстандық ғалым В. Юдиннің мақалаларында барынша сипатталған. Орда-Базарлардың жұмыс істеу жүйесі көп зерттелмеген, себебі орта ғасырлық тарихшылар олардың маңыздылығын толық түсінбеген.

Әбілқайыр ханның бірнеше Орда-Базары болған тәрізді; оның барлық әскери жорықтарында, оның ішінде Хорезммен Самарқанға жорықтарында бірге жүрген. Бірақ Сығанаққа қоныс аударғанға дейін басты қонысы Ұлытауда болған сияқты. Аңыз-әңгімелерге сенсек, қазақтардың аңызға айналған билеушісі болған, барлық Үш жүздің басын қосқан Алаша ханның кесенесі де осы жерде орналасқан. Аңыздағы емес, өмірдегі Алаша хан Әбілқайыр ханның сенімді серіктестерінің бірі болған. Сондықтан да, Ұлытау тауларындағы кесенеді ол жерленген болуы әбден мүмкін.

Әбілқайыр хан Түркістан, Сығанақ, Отырар, Сауран тәрізді ірі қалаларға және Сырдария өзенінің бойындағы басқа да көптеген елдімекендерге иелік еткен Темір әулеті арасындағы алауыздықты пайдалана білген. Әбілқайыр ханның Хорезмге жорығы қарқынды әрі жылдам болды. Шамамен осы кезеңде

оның жауынгерлеріне қатысты өзбектер, өзбек жауынгерлері, өзбек ұлысы тәрізді анықтамалар беріле бастаған. В. Бартольд «өзбек» этнонимі тек Шығыс Дешті-Қыпшақ аумағында тұратын көшпенділер арасында ғана таралғанын айтады. Әбілқайыр хан тұсында «өзбек» этнонимі Дешті-Қыпшақтан Орта Азияның ортасына ауысады. Көшпелі өзбектер тұрақты миграция жасап отырған. Әбілқайыр хан Темір әулеті қалаларын жоспарлы түрде бағындырмақ болған. Дешті-Қыпшақ арасында көшпелі өзбектер мемлекеті көптеген тайпалардың этникалық құрамына тұрақты еніп, бірқатар мәдени-тұрмыстық ерекшеліктер біріздендіріліп, түрлі тайпа қауымдастықтарының этникалық белгілері ортаққа айналды. Үш мәдени-шаруашылық типіне: көшпенді мал шаруашылығына, отырықшы егін шаруашылығына және қала шаруашылығына негізделген берік экономикалық жүйе құрылды. Осы қолайлы жағдайларда бұрын XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығының кесірінен үзіліп қалған Дешті-Қыпшақ этногенезін аяқтау үшін негіз жасалды. Орта ғасырлық жылнамашы Кухистани былай деп жазды: «(Әбілқайыр хан) Хорезмді басып алуды батыл шешкен және әлемді жаулап алушы хақандар мен мемлекеттердің әміршілерінің дәстүрі бойынша алға жылжыды. Ержүректігімен аты шыққан Бақтияр сұлтанды алғы әскердің басшысыетіп тағайындады.

Әлемге даңқы жайылған, әлем халқына танылған ұлы әмірлер мен жоғары шенді сейіттер: сейіттердің бетке шығарлары – даңқ пен бақыт данасы Кұл-Мұхаммедсейіт пен Қара сейіт, Уақас би, маңғыт, Бозанжар би, Қыйат және барлық әмірлер мен басқа да жауынгерлер мен баһадүрлер жеңімпаз әскерді тәртіпке салып, Хорезм жаққа бет алды». Біраз асулардан өтіп, біраз аялдаулар жасаған соң Әбілқайыр хан Хорезм маңын өз әскерінің уақытша дамылдайтын жері ретінде таңдап алды. Сонымен қатар тізімге сәйкес, жорыққа маңғыттар да қатысқан. Олардың өкілдерінің бірі Уақас би болған. Бірақ Әбілқайыр хан шағын ұлыстардың барлық өкілдерін өз жорығына жинай алмады. Осы әскери жорықты қолдайтын тайпаларды зерттеген кезде, бұрын Алтын Орда мен Ақ Орданың құзырында болған кейбір ірі және ықпалды дала рулары: жалайыр тайпасы (Сібір хандығы), алшын-жағалбайлы,

адай, беріш және басқалары байқалмады. Беріш руы ол кезде Ноғай Ордасының құрамында болуы мүмкін еді, сондықтан да Әбілқайыр ханның адал серіктестерінің қатарында болмады. Саны мол арғын тайпалары, наймандар мен қыпшақтардың бір бөлігі тәрізді бұл әскери жорықты қолдамады.

Жоғарыда айтылған деректерге сараптау жүргізген соң Әбілқайыр ханды қандай тайпалар қолдамады және олар қай жерлерде көшіп-қонып жүрді деген заңды сауалдар туындайды. Келесі жауап дұрыс болар: олар не Шейбанид көсемдері Мұстафа мен Махмұдты қолдады, не болмаса қандай да бір себептерге байланысты Өзбек ұлысының құрамына кірмеді. Әрине, олардың бір бөлігі Керей мен Жәнібектің жағында болды. Олар Дешті-Қыпшақтың батыс бөлігінде көшіп-қонып жүр деуге негіз бар. Әйгілі Асан қайғы жырау да қарсы тарапты жақтаған тәрізді. Осы кезеңде Жиренше шешен мен Қодан би сияқты дала жыршылары Дешті-Қыпшақ жерінде ғана емес, Ноғай Ордасында да танымал әрі ықпалды болды. Егер жоғарыда аты аталған тұлғалар елеулі жорықтарға немесе шайқастарға, дипломатиялық шараларға қатысса, Әбілқайыр ханның жылнамашылары олар туралы өз кітаптарында немесе естеліктерінде міндетті түрде жазар еді. Орта ғасырлық жылнамашылар Масуд Кухистани мен Қожамқұлы Балхи Дешті-Қыпшақ билеушілерін қолдаушыларды атап шыққан, бірақ руластарына сөзі өтетін ықпалды сұлтандарды, батырлар мен жыраулардың есімдері назардан тыс қалған. Көптеген ежелгі үйсіндер, қаңлылар, қатағандар Жетісуда, Ташкентте. Ташкентте, сонымен қатар Моғолстан маңында тұрған болуы әбден мүмкін. Көрініп тұрғандай, қандай да бір салмақты себептерге байланысты Әбілқайыр хан Дешті-Қыпшақтың барлық руларының басын қоса алмады. Оның себебі әулеттің дұшпандығы да, саяси тәжірибесінің жеткіліксіздігі де, немесе жеке басының жауласуы болуы мүмкін. Өз ұлысында осындай жікшілдік орын алса да, Әбілқайыр хан халқы тығыз қоныстанған Мәуереннаһр қалаларын бағындырып алды. Сонымен қатар Темір әулеті өзара қырқысып жүріп көшпенді өзбектердің тарапынан көмекке өздері жүгінген. Үргенішке көшпенді өзбектер жауынгерлері таяп келгенде, қала хәкімі (қала басшысы) және Темір ұрпағы Шейх-Маликабилқута

қорғаныс ұйымдастыруға тырысты. Бірақ бұл тұста орта ғасырлық жылнамашы Кухистани кекесінмен былай дейді: «Ақылды әрі білетін адамдарға шілдің дәрменсіз екені түсінікті еді, ол аң қыранымен тең бола алмайтын». Аға шейхтер мен жоғары дәрежелі ғалымдар Үргеніш хәкіміне былай деді:

«Бұл падишамен, күдірет иесімен, Фаридунға сай асқақтықпен дауласу мен күресудің еш пайдасы жоқ. Егер ол қорғанды соғыспен, күреспен, шайқаспен жаулап алса, онда біздің әйелдеріміз, балаларымыз, мал-мүлкіміз бен мұсылмандардың қызметшілері олардың жемтігіне айналады, бұдан соң өкініштен өзекті өртеу тым кеш». Бұл сөздерден кейін хәкімнің қала тұрғындары мен қамалды қорғаушыларға деген үміті қалмады».

Белгілі адамдар мен басқа да жергілікті тұрғындар Әбілқайыр ханның сарайына сыйлықтары мен тартуларын әкеліп, оған қала мен қазына қоймасының кілтін тапсырды. Осылайша, дала көшбасшысы мен Жошының ұрпағы Мәуереннаһрдағы аса байқаланы қан төкпей-ақ басып алды. Жалпы, өзбек тарихшысы Б. Ахмедов атап көрсеткендей, Әбілқайыр хан Үргенішке 1433 жылы да, одан соң 1435 жылы да жорық жасаған. Шаруашылықпен жақсы айналыса алмаған, бірақ ержүректігі басым, әскері мығым көшпенді тайпалардың отырықшы өркениеттің қуатын оп-оңай күйретіп тастауы тарихта аз кездеспейді. Көп жылдар өткен соң Әбілқайыр ханның ұлы Сүйініш Қожа хан Қухистаниге көшпенді өзбектердің Үргеніш қаласын қан төкпей басып алуынан кейін болған оқиғаларға қатысты мәліметтерді хабарлай алды: «Хорезмді басып алған соң менің әкем бұрынғы билеушілері зор еңбекпен, қамқорлықпен толтырған қазынаны ашып, ұлы екі әмірге олардың қазына қоймасының есігінің алдына отыруына бұйрық берді, ал барлық командирлер, ханның адамдары мен басқа да солдаттар қазынаға екі-екіден кіріп, қолдарына сыйғанша қазына алып, кері шығып кететін. Ханның мейірімімен нәтижесінде жауынгерлер алтын мен бағалы тастарға байып қалды. Мұны біткен соң, жауынгерлерді жинап Әбілқайыр хан «ешбір жаралған жан иесі Хорезм тұрғындарының және мұсылмандардың мүлкіне залалын тигізе алмас еді» деп антсу ішуге әмір етті».

Әбілқайыр хан хорезмдік діншіл ғалымдарының, шейхтері мен ақындарының қатысуымен жиналыс ұйымдастырды. Дешті-Қыпшақтан шыққан қатыгез жауынгерді сенім мен дін мәселесі сол кезден-ақ қызықтыра бастаған тәрізді. Ол өз дәуірінің талаптарына сай әрекет жасады – қаланы талап, бірақ бағынғандары үшін жергілікті тұрғындардың өмірін сақтап қалуды бұйырды. Астанасы Үргеніш пен Хорезм жерін басып алу осы жерлерде аса ыстық болған және Әбілқайыр ханның жауынгерлерінің арасында алғаш рет індет белгілері біліне бастаған жаз кезінде орын алса керек. Кухистанидің жазуынша, ержүрек дала жауынгерлері соның салдарынан «Дешті-Қыпшақтың керемет ауасынан Хорезмнің бүлінген ауасына келген соң бұзылып» әміршісіне «жауынгерлерді оба ауруының азабынан және қапырық ыстықтан құтқару үшін Дешті-Қыпшақ жаққа бағыттау шешімін шығаруына» жүгінді. Сонда Әбілқайыр хан шұғыл қыпшақтар еліне қайту туралы шешім қабылдайды. Олар Сары-Арқаның самалын, сахараның таза өзендерін сағынған болар.

Әлем тарихында дала көшпенділері «лас» деп санап, ыстық қалаларды тастап, ауасы таза, бірақ табиғаты қатал өз мекендеріне оралған көптеген оқиғалар болған. М.Сафарғалиевтің Әбілқайыр ханның Орда-Базарға қайтып оралуының басқа себебін көрсеткенін айта кеткен жөн. Ол Әмір Темір мұрагері Шаһрухтың жауынгерлерінен немесе ақсүйектердің ішкі көтерілісінен қауіптеніп, Ұлытауға немесе Түркістанға оралған сынайлы. Орта ғасырлық жылнамашы Кухистаниден ерекшелігі тарихшы М. Сафарғалиев «834 жылы Хорезмді бас салған өзбектер» осы өлкені босатып, одан соң Дешті-Қыпшақ даласына кеткен деп санайды. Басқа зерттеушілер Хорезмге жорықтардың басқа даталарын атайды – 1433 және 1435 жж.

1446 жылы Әбілқайыр хан Сырдария бойындағы біраз қалаларды басып алады. Осы уақытта 1435 жылдан 1446 жылдар аралығында ол көршілес елдерге ірі жорықтар жасамаған сияқты. Демек, ол кезде мүлдем басқа қызметпен айналысқан, себебі, оның жігерлі болмысы іссіз қалдырмас еді. Бұл кезде Әбілқайыр хан Дешті-Қыпшақтың орталық

аумақтарында біржола орныққан болар. Жауынгер жинап, шаруашылықпен айналысқан. Г.А. Хидоятовтың пікірінше: «Әбілқайырдың өмірінің соңына қарай оның конфедерациясында халқының саны 1 миллион адамға жуықтайтын 200 000 киіз үй болған». Олауақытта бұл тым көп сан еді. Материалдық және адам ресурстарының осындай ауқымды болуы Әбілқайыр ханның құдіретін сезіндірсе керек. Әмір Темір әулетінде, көршілес мемлекеттердің де мұндай күш құдіретпен санасуларына тура келді. Сондықтан Әбілқайырдың хандық құруының маңыздылығы Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразия құрлығының тарихында ерекше орын алады.

«Әлем тарихындағы Алтын Орда» атты іргелі зерттеудің авторлары «Тауарих-и-гузидан усрат наме» еңбегіндегі деректерге сүйене отырып, «Әбілқайыр 24 жасында (840 х.ж.) 1436–05.07.1437 ж. жорығынан соң келесі жылы өзбек ханы Шаһрухтан «үлесіне Хорезмді алып, Дешті-Қыпшақ таөз мемлекетін құрды» дейді. 1451 жылы Әбілқайыр хан Әбу Саидты Әмір Темір тағы үшін күресінде қолдау білдіріп, осы жылдың жазында олар бірлесіп Самарқанға жорыққа аттанды. Мирхонд пен Хондамирға сүйенген тарихшы Б.Ахмедов Әбілқайырды қала сыртында қалдырған Әбу Саидтың алдап-арбаумен Самарқанға кіргенін айтады. «Тарих-и-Абулхайр ханиде» Әбу Саидтың артынан қалаға кіруге талпыну туралы ештеңе жазылмаған», – дейді Б.Ахмедов. Шын мәнісінде, осындай ірі әрі бай қаланы тонаудан бас тартқан өзбектер қала маңындағы бау-бақшаларға орналасқан. Мұнда «Бағ-и майданға», Әбілқайырға Әбу Саид күн сайын сыйлықтар жөнелтіп отырған. Ханның Дешті-Қыпшаққа оралуы қарсаңында оған марқұм болған Ұлықбектің қызы (немересі) Рәбия сұлтан Бегім әйелдікке беріледі. Одан туғандар: Сүйініш хан, Көшкінші хан және Ақ Боран сұлтан. Жалпы, Әбілқайыр ханның он бір ұлы болған: Шейх-Бұдақ, Қожа-Мұхаммед, Мұхаммед сұлтан, Наурыз, Ахмет, Шейх-Хайдар, Санджар, Шейх-Ибраһим, Сүйініш сұлтан, Көшкінші, Ақ Боран және т.б. Қалай болғанда да өзбек жауынгерлері Самарқан маңының тас-талқанын шығарып, өз қоныстарына оралған. Бірақ 1456 жылы Әбілқайыр хан Әбу Саидқа қарсы шыққан Мұхаммед Джукиді қолдайды. Келесі жылы ол қалмақтардан жеңіліп қалады, бұл шайқаста оның туысы Батырхан мен Ахметтің ұлы Мұстафа

қаза табады.

Британдық тарихшы Арнольд Тойнби өзінің «Тарихқа көз жеткізу» атты еңбегінде баса атап айтады: «Егер біз егін шаруашылығын тастап, далада өз ұстанымдарын ұстанған сол көшпенділердің өркениетін бауырластарының өркениеттерімен салыстыратын болсақ, онда көшпенді өмір салты бірнеше облыстарда басым болғанын байқаймыз. Біріншіден, жануарларды қолға үйрету – өсімдіктерді қолға үйретуден гөрі әлдеқайда жоғары өнер, себебі адамның ақыл-ойы мен ерік-жігерінің ақылы аз материалдық дүниеден басым болуын білдіреді. Бақташының шеберлігі диқанға қарағанда әлдеқайда көп, бұл шындық сириялық мифологияның аса белгілі үзіндісінде айтылған». Бұл орайда А. Тойнби мысал ретінде отырықшы халықтар мен көшпенділер арасындағы мәңгі антагонизмнің символы ретінде ағайынды Қабыл мен Әбіл туралы библия оқиғасын келтіреді.

XXI ғасырда Еуропаның ғалымдары жылқы малы алғаш рет қазақ даласында қолға үйретілген деген қорытынды жасады. Бұл ойдың негізгі дәлелі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Ботай қонысына жүргізілген қазба жұмыстары болды (проф. В. Зайберттің экспедициясы). А. Тойнби көшпенділердің өмірін суреттеп былай деп жазады: «Шын мәнінде, көшпенділердің өмірі адамның ептілігінің асқан көрінісі... Жылдың кез-келген маусымында тақыр даладағы табиғи өсімдіктерден малын азықпен қамту үшін ол өз өмірі мен көшіп-қонуын маусымға сай үйлестіруі керек».

20. Әбілқайыр хандығының әлеуметтік құрылымы

Әбілқайыр хандығында әлеуметтік ұйым сипатына ресейлік ғалым Д.Маслюженко (Курган мемлекеттік университеті) «Әбілқайыр ханның «Көшпенді өзбектер мемлекетіндегі» түркі-моңғол дәстүрлері» мақаласында сараптама жасаған. Автор Әбілқайыр ханның билігі жиырма тайпадан астам көшпенді төрелердің айтарлықтай қолдауына сүйенгенін баса айтады. «Нақ осы элита, – дейді. Д.Маслюженко, – оның белгілі тұлғалардың кенестерінде айтылған қажеттіліктері мен мүдделері сол кездегі саяси және күнделікті дәстүрлерді қалыптастырған... Саяси тұрғыдан олардың ішінде той және онымен байланысты құрылтай өткізуді жаңғырту ерекше мәнге ие болды, олар сол кездегі дала (жануарлар) күнтізбесіне сәйкес өткізілетін. Дала ақсүйектерінің арасында лауазымдар мен өкілеттіктерді бөлудің негізгі тетігі ретінде халаттар мен белбеулерді үлестіру қайта жанданды». Осы тұста және одан әрі қарай автор Әбілқайыр хан кезінде белгіленген моңғолдық әскери және сарай тәртіптерінің қайта жаңғырғаны туралы айтады. Тіпті, қазіргі қазақтардың немесе өзбектердің аса құрметті қонақтарына немесе белгілі тұлғаларға шапан сыйлау салтын сақтап қалғаны қызықты. Сонымен қатар құрылтайлар өткізу, бұрынғы авторлар белгілі бір себептермен «жануарлар күнтізбесі» деп атаған күнтізбені пайдалану сақталып қалды. Оларды «шығыс» немесе «түркі» деп атаған дұрыс болар еді.

Тарихшы Н. Маслюженконың Әбілқайырдың өмір кезеңдерін «қазақшылдық кезінде» және хан «күдіретке қол жеткізген» деп шартты түрде бөлуі қызықты әрі мұның перспективасы да бар. Автор «Шейбани- намәде», жылнамашы Масуд бен Осман Кухистаниде де көрсетілген тайпалардың тізіміне жан-жақты талдау жасайды. Оның болжамынша, тізімнің кеңеюі «жаңа ханның билік еткен алғашқы жылдарындағы барынша көп қолдауды көрсетуі тиіс еді». Бірақ Әбілқайырға бағынған «туба», «ұйғыр», «түмен», «дұрман», «бүркіт» тәрізді тайпалар қазақ этносында сақталмаған. «Қожа» немесе «сейіттер» мәртебесі әлі күнге дейін қазіргі қазақ қоғамында белсене қолданылады. Әбілқайыр

ханның маңайындағы «көшші» және «ішкі» тайпаларына келсек, атауларына сәйкес, «көшші – көшпенді», «ішкі – ішіндегі» тайпалар тобы болуы мүмкін. Қазіргі солтүстік қазақтары Түмен облысын (РФ) «іш», яғни «ішкі» деп атайды. Солтүстік аумақта мұндай қазақ топонимінің болуының әлі күнге дейін объективті себептері анықталған жоқ. Орта Азия жағына – Самарқан пен Хорезмге, ал оған дейін киелі Түркістан қаласына қарай жылжуы Әбілқайыр ханның құзыретіндегі адамдардың исламдануы үрдісін одан әрі күшейтті. Тарихшы Н. Маслюженко атап өткендей: «Ясауи тариқаты өкілдерінің исламдану процесіне қатысуы Батыс Сібірде кең танылған «әулие» Хәкім ата және Зеңгі баба бейнелерінің пайда болуы үшін негіз болуы мүмкін еді». Қазіргі қазақ қоғамында бұл адамдар әлі күнге дейін исламда әулие саналады.

Қазақ ауылдарында белгілі бір адамдардың жаңбыр жауғызу немесе дауылды тоқтату үшін тастарды пайдаланып сиқыр жоралғыларын жасауы кеңінен тараған. Тарихшы Н.Маслюженко Әбілқайыр хандығындағы пұтқа табыну жоралғыларына қатысты былай дейді: «Бұл көшпенділер дәстүрі Өзбек мемлекеті құрылған алғашқы жылдары, яғни Батыс Сібірдің дала аймағының солтүстігі мен оңтүстік орманды даласында үстемдік еткен жылдары аса маңызды болды». Одан кейін Дешті-Қыпшақ халқының бір бөлігінің Орта Азияға қоныс аударуының нәтижесінде қоғам өмірінде мұсылмандық сенімнің рөлі арта түсті. Өзендер мен көлдердің топонимдеріне талдау жасай отырып, сонымен қатар тарихи оқиғаларды ескерсек, Әбілқайыр хан мен оның көшпенді тайпаларының жүрген ұзақ жолын құрастырып көруге болады. Олар Чинги-Турадан тек оңтүстікке қарай бет алған, Атбасар (Жабай) және Есіл өзендерін кесіп өтіп, одан соң Ұлытау тауларына қарай бағыт алып, өз сапарларын Түркістан, Созақ, Сауран, Сығанақ тәрізді Сырдария бойындағы ірі қалаларда аяқтаған. Әбілқайыр өзінің әскери жорығы кезінде Бозок қалашығы арқылы жүргенге ұқсайды.

Орта ғасырлық жылнамашы Масуд Кухистани хан тағына көтерілер алдында Әбілқайыр Алаштың киіз үйінде жасырынғанын айтады. Өз еңбегінде ол Алаш баһадүрді бірнеше рет атаған, бірақ «Алаш киіз үйі», «Алаш елі», «Алаш

жұрты» дегенді, яғни Аламаш тайпасы одағының халқын білдіруі мүмкін деген де пікір бар. Қалай болғанда да Әбілқайыр өз мақсаттарында дала байлары мен жергілікті ақсүйектердің беделін ұтымды пайдалана білген. Орта ғасырдағы басқа авторлар да жиі еске салған түрлі фактілер: құрылтай шақыру, «көрініс» (сыйлықтар көрсету), белбеулер мен алтын шапандар сыйлау осыны көрсетеді. Көшпенді ақсүйектерге жас әрі алғыр Әбілқайырдың жасанды көңіл бөлгені ұнаса керек. Бұл оның Дешті- Қыпшақ ішіндегі беделінің себебі бола алады. Сонымен қатар адамдарға Әбілқайырдың ержүрек болмысы ұнаған тәрізді болғанын айта кету керек. Мысалы, он алты жасында ол ноғайлармен шайқасқа Жұмадық ханның көрнекті әскери басшысы және сол қанатының командирі ретінде қатысқан. Жылнамашы Масуд Кухистани хан болған кезде Әбілқайырдың басты әскерді өзі басқарғаны, ал ұрыс алдында «әскер мен қару- жарақтардың, шайқас құралдарының әзірлігін» өзі тексергені туралы көптеген дәлелдер қалдырған. Әбілқайырдың ресми түрде таққа отыру салтанаты Тара қаласында өтті, хан осы жерде біраз уақыт тұрды (1428-1430). Масуд Кухистани Бұлғар аумағында оның хандық құрған елінің құрамына кірген деп санайды. Бұл пайымдаумен келіспеуге болады, себебі Еділ (Волга) өзенінің сол жағасы Шыңғыс әулетінің басқа тармағының – Ұлық Мұхаммедтің қолында болды.

Әбілқайыр ханның Хорезмге алғашқы жорығы 1431 жылы болған тәрізді. Бірақ бұл жорықты кім бастағаны туралы әлі күнге дейін тарихшылар мен зерттеушілер арасындағы дау- дамай біткен емес. Сондай-ақ Хорезмге қарсы әскери шабуылдың уақытында да сәйкессіздіктер бар. Бұл дауға өзбек ғалымы Бөрібай Ахмедов пікір қосты. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, 1430 жылы Әбілқайыр хан Ұлытауда болған. Қазақ ғалымы Ж. Сәбитов басқа дерек көздерін алға тарта отырып, Күшік Мұхаммед 1431 жылы Хорезмге жорықты бастаған деген тұжырым жасайды. Алайда бұл фактіні нақтылау үшін басқа деректер мен қосымша мәліметтер қажет. Ресей ғалымы Р.Рева Әбілқайыр хан шығарған монеталар туралы жазған. Ол: «Әбілқайырдың монеталары тәрізді, Ибрахим монеталарында қосаяқты Жошытамғасы бар, яғни,

Ибраһимнің «Саин Тақ» иесі екенін білдіреді. Сонымен қатар, екі соңғы монетаның кері жағында Ахмад ханның соңғы (қатты кішірейтілген) монеталарымен белгілері ұқсас». Әбілқайырдың көп жылдар бойы билік еткенін ескере отырып, оның атынан шығарылған монеталар бұдан да көбірек болды деуге негіз бар. Ол ұзақ уақыт бойы тұрған Түркістан (Сығанақ, Отырар, Сауран) маңында оның көп болуы мүмкін. Мұндай монеталар оның кезекті резиденциясы орын тепкен Жошы кесенесі (Орда-Базар) маңында табылуы мүмкін. Әдетте орта ғасырлық авторлар Әбілқайырдың құзырындағы адамдарға қатысты «өзбектер» терминін қолданған. Бұл тақырыпты зерттеген Б. Ахмедов XX ғасырдың 60-шы жылдары мүлдем басқа этнодемографиялық жағдайлар қалыптасқан кезде жазған. Мұхаммед Шайбанидің көшпенді тайпалары мен оның ұрпақтары басым болған Орта Азия аумағында өзбек халқы 500 жыл бойы қалыптасқаны белгілі.

21. Шыңғысшылардың бүлік шығаруы

Орта ғасырдағы басқа да көптеген жылнамашылар тәрізді, Кухистани Әбілқайыр ханның ағайынды төрелер Махмұд және Ахмедпен шайқасқан жылдарын атамайды. Ол тек: «Жошы ұрпақтарынан шыққан патшалар Махмұт хан мен Ахмет хан Әбілқайыр ханға бағынып, өз аяқтарымен бармады, бүлік көтеріп, бағынуға еш ниеттері жоқ екендерін білдірді», – деп жазады. Сейіттер мен сұлтандардың жоғары жиналысы, қара сейітатынан әмірлер мен даңқты баһадүрлер жасақты бірбеткей ханзадаларға шығаруға ұсынды.

Кухистани «бүлік» анықтамасын сәтсіз таңдаған, себебі Махмұт хан мен Ахмет хан Әбілқайырға бағынышты болмаған, керісінше оның ашынған жаулары, қарсыластары болған. Алтын Орданың ханы Кіші Мұхаммедтің бе, қаза тапқан түмен шейбаниді Қажы Мұхаммедтің де ұлдары ма болған ағайынды төрелер өздерін Әбілқайырдан жоғары санап, алдағы шайқасқа мұқият дайындалған. Бірақ жорыққа бірінші болып көшпелі өзбектердің әскері шыққан, сөйтіп, бірбеткей дала ханзадаларының бастамасын алып қойған. Кухистани «хан шешім тізгінін дұшпанның ордасы Икра-Тупа жаққа бағыттады» деп жазады, ал Бақтияр сұлтанды негізгі әскердің басшысы етіп тағайындаған. Икра-Туптың қайда екені, сондай-ақ шайқас болған жылдары мүлдем белгісіз. Сонымен қатар Кухистани Әбілқайыр хан мен оған қарсы тұрған Ахмед пен Махмұд ханзадалардың жасағы қатысқан Икра-Туп шайқасы Хорезмге жасалған сәтті сапардан соң болғанын еске салады. Ал тарихшы А. Сафарғалиев ол кезде Әбілқайыр хан басқа төре Мұстафамен шайқасқанын жасады, «Мұстафа Әбілқайырға шабуыл жасады» дейді. Бұл шайқас Атбасар өзенінің бойында болған.

Тарихшы Б. Ахмедов 1446 жылы көшпенді өзбектердің Мұстафаның қуатты әскерін жеңгенін сеніммен жазады. Осы орта ғасырлық авторлардың деректері бойынша Әбілқайыр хан үнемі Ұлытауға немесе Дешті-Қыпшақтың солтүстік бөліктеріне оралып отырған. Бұл заңды да, себебі ол осы аумақтарды өзінікі деп санаған. Ұлытау таулары онда бір кездері есімдері аңызға айналған алтынордалық билеушілер Тоқтамыс пен Едіге өмір сүріп, шайқастарға қатысып, көшіп-

қонғаны үшін де бағалы. Әмір Темір өз әскерін Алтын Ордаға қарсы шайқасқа бастағанда осы таулар арқылы өткен. Әлі күнге дейін Ұлытау тауларында өткен жүзжылдықтағы белгілі қолбасшылардың есімдерімен байланысты көптеген естелік жерлер бар. Қазақ ғалымы Берекет Кәрібаевтың алдыңғы авторлардан ерекшелігі, ол Әбілқайырдың өміріне жан-жақты талдау жасаған. «Икра-Туп» атты жерді табуы үшін бар күшін салуын түсіндірген. Араб және парсы тілдерінен қайта жазғанда немесе аударғанда қандай да бір қателіктің кеткені шындыққа жанасады. Осы қате немесе ақпараттың дұрыс берілмеуі кейінгі авторларды жаңылыстырды (М. Сафарғалиев, Б. Ахмедов, Г.Хидояттов). «Икра-Туп» топонимінің түркітілдік негізі болуы мүмкін. Б. Кәрібаев атап өткендей, бұл «Ақыр төбе» деген жер атауын білдіруі мүмкін. Сондықтан мәселе пікірталастар үшін ашық қалып отыр.

«Икра-Туп» шын мәнісінде «Ақыр төбе» немесе Айыр тау болуы мүмкін деген нұсқа шындыққа сай. Қазақстанда, еліміздің түрлі өңірлерінде Ақыр төбе деп аталатын төбелер көптеп кездеседі. Б. Кәрібаев «Икра-Туп» Еділ (Волга) және Жайық (Орал) өзендерінің маңында болған деп санайды.

22. Дала билеушілері Ахмед және Махмұдпен шайқас

Профессор Б. Кәрібаевтан өзгешелігі, автор «Икра-Туп» атты жер Атбасар округінде, қазіргі Қостанай және Ақмола облыстарының қиылысқан жерінде, қалай болғанда да қазіргі Қазақстанның солтүстік бөлігінде болған деп санайды. Ақмола облысының аумағында осы өңірге аса белгілі Айыр тау бар, оның биіктігін «Икра-Туп» биіктігіндей деуге болады.

1430 және 1440 жж. аралығында Әбілқайыр хан Дешті-Қыпшақтың батыс бөлігіне ешқандай әскери жорық жасамаған. Бұл жағдай маңғыт бектерінің оны қолдауымен, мүмкін, тіпті керісінше, бұл жерлердің оған мүлдем бағынбауымен байланысты болуы мүмкін. Орта ғасырлық жылнамашы Кухистани Әбілқайыр ханныңтағайынды Ахмед және Махмұдпен шайқасына орала отырып, өзіне тән стильмен ұрысты әсем сөздермен бейнелейді: «Әбілқайыр ханның ержүрек әскерлерінің шабуылының салдарынан дұшпан үздіксіз соққылардан көз аша алмағандықтан, аттардың кісінегендері мен жауынгерлердің айқайлары көк жүзін тіліп өтті, қара тұман басып, жел соқты, найзағай ойнады, жер бетінің падишасы қарсыласының көздерін соқыр етті, қарсыластарының жүзінде үрей пайда болды. Ұлы Жәмшид секілді, Әбілқайыр ханның лагері жағынан жеңіс лебі білінді. Патшаның ажал қыраны жаулардың жанын алу үшін көкке көтерілді. Махмұт хан мен Ахмет хан бұл жағдайды өз көздерімен көрген соң, қашып кетті».

Дала патшаларымен шайқаста жеңіске жеткен соң Әбілқайыр хан «Дешті-Қыпшақтың астанасы болған жарықтық орда – Орда-Базарға бет алды», – деп жазады Кухистани. Осы жерде Әбілқайыр ханға бағыштап құтпан намазы оқылып, монеталарды оның даңқты аты мен сыйлы мәртебесіне орай безендірген. Жылнамашы Кухистани Орда-Базарды хандықтың белгілі әмірлері ағылатын тұрақты астанасы ретінде атап өткен. Бұл жер өте қолайлы жер болғандықтан, Әбілқайыр хан мұнда ұзақ өмір сүргенге ұқсайды. Дешті-Қыпшақтың саяси өміріндегі келесі маңызды оқиға Атбасар өзенінің бойындағы шайқас болды, бұл ұрыс Әбілқайырдың Ұлытауға көшуінің алдында болған тәрізді. Жылнамашы Кухистани бұл шайқасты

былай деп сипаттайды: «Мұстафа хан көпәскерімен үрейсіз, қорқынышсыз қарсы шықты, екі әскердің де сырнайларының сайраған үні жер-жаһанға жетті. Қанқұйлы екі әскер от пен су тәрізді бір-бірімен алыса кетті, ұрыс болған жердегі жер беті қызғалдақ түстес қып-қызыл қанға боялды, шайқас пен ажал оты өрши түсті».

Әбілқайыр ханның Мұстафамен айқасын (1446 жыл) суреттеген Кухистани: «[Әбілқайыр хан]... арынды әлем билеушісінің атының басын Атбасар өзені жаққа бұрды», – деп жазады. Одан соң жеңіліп қалған Мұстафа «арынды аттың көмегімен қанды өзеннің қарсы жағасына бағыттады, малайлар мен қызметшілердің, мүлкі мен қазынасының басым бөлігі [Әбілқайыр ханның] жауынгерлердің қолына өтті. ...Бұл шайқаста 4,5 мыңға жуық жау өлтірілді деген сөз бар». «Өзінің сөзсіз жеңіліске ұшырайтынын түсінген Мұстафа патшалық ету мен қолбасшы болуға деген құмарлығын тыйып тастап, қашып кетті». Кухистани өзінің «Тарих-и-Абулхаир хани» еңбегінде пайдаланған «Әбілқайыр ханның таққа отыруы» атты белгілі картина Дешті-Қыпшақтың басым бөлігінде бір билеуші болған Өзбек ордасының ең жоғарғы өркендеу кезеңін суреттеген болуы мүмкін. Әбілқайыр суреттің ортасында бейнеленген. Суретке қарап, оның жасы қырықтар шамасында деуге болады. Ол Дешті-Қыпшақ тұрғындары киетін бас киім киіп алған. Оның құзырындағы адамдар да солай киінген, бәрі түрлі түсті орта азиялық шапандар киген. Сонымен қоса оның айналасында діндар сейіттер мен қожалар байқалады, бұл Шыңғыс әулеті үшін тосын жайт, себебі олар мұсылмандық дәстүрді емес, дала дәстүрлерін ұстанған. Суретте бейнеленгендердің бет-әлпеттері моңғолоидтық нәсілге қатты ұқсайды. Қолдарында қылыш ұстаған, бұл хан нөкерлерінің жауынгерлік болмысын көрсетеді. Сонымен қатар Әбілқайыр орта азиялық қала қорғандарына емес, далада таққа отырады. Суреттен оның нар тұлғалы адам екені байқалады: ұзын бойлы, кең иықты, бет жүзі ақсүйектерге тән.

Ханның алдына жабайы аңның терісі төселген. Жалпы, картина орта азиялық миниатюралар стилінде салынғанына қарамастан, ол парсы картиналарынан біршама ерекшеленеді және көшпенді халықтың тұрмысын бейнелейді. Суретші

Әбілқайырдың далалық, парсыға тән емес болмысын әдейі баса көрсеткен. Әдетте орта ғасырлық шығыс миниатюраларында билеушілерді қымбат безендірілген сарайларда бейнелеген, ал бұл жерде Дешті-Қыпшақ ханының тақуалық, спарталық өмір салты паш етілген. Әбілқайырдың жүзінде ауыр тағдырының салған салмағы бар, бірақ катал, жігерлі мінезі көзге ұрып тұр. Бұл аса құнды көнеминиатюра, өйткені, бауырлас екі халықтың – қазақтар мен өзбектердің негізін салған ұлы дәуірдің сол кездегі күшті рухын сақтап қалған.

Ұлытау тауларына жақын маңда Едіге, Керей және Жәнібек деп аталатын топонимдердің бар екенін атап өткен жөн. Жауынгерлік шайқастар тақырыбында сөз қозғаған тарихшы М.Сафарғалиев Кухистани Әбілқайырдың жетістіктерінің маңыздылығын асыра айтып жіберген және хан өзінің астанасы Орда-Базарды тастап кетуге мәжбүр болған деп санайды. Қалай болғанда да 1446 жылы Әбілқайыр хан Темір әулеті қоластында болған Сығанақты басып алуға шешім қабылдады. «Әмірлер мен нөкерлер бірден, асығыс әрі жылдам, – дейді Кухистани, – Сығанақ қорғанына жетті. Сығанақ қаласының хәкімі Әбілқайыр хақанның әскерінің көптігі мен қуаттылығын көрген соң оған бағыну үшін шығып, Сатурн тәрізді қаланы хақанның әмірлері мен қызметшілеріне берді. Аққорған да, Арқұқ та, Созақ та, Үзген де билікпен жаулаған қолға бағынды». Бұл қалалар мен қалашықтар сақталып қалады. Олар Түркістан және Қызылорда облыстарының түйіскен жерінде, Түркістан қаласына жақын маңда орналасқан.

«Батыс Қытай–Батыс Еуропа» заманауи автомобиль жолы (Жібек жолы) сол жерден өтеді. Қадырғали Жалайыри өзінің «Жылнамалар жинағында» Әбілқайыр хан (автор Бұлқайыр деп көрсеткен) Ташкент пен Түркістандағы уәлаятта билік құрып, Сығанақта жерленген деп көрсетеді. Жалпы, Қ.Жалайыри ең көне дерек көздерін пайдаланғаны байқалады, бірақ ол оның ұрпақтарының есімдерін келтірумен шектеліп, Дешті- Қыпшақ әміршісі сапарларының бағыты жайлы ештеңе жазбайды.

23. Әмір Темірдің ұлдарын жеңу

Орта ғасырлық жылнамашы Кухистани өзінің қаһарманына сүйсініп, былай деп жазады: «Ислам қорғанышы, Әбілқайырдың әскерлері қайда барса да тәжіктер мен түрік аймақтары мен тайпалары, егіншілері мен көшпенділері оларға тарту-таралғылар жасап, бағынып, олардың бұйрықтарын орындап, қызмет көрсетуге әзір екендіктерін және игі ниеттерін білдірген». «Өзбекстан тарихы» кітабында былай делінген:

«1447 жылы Шаһрухтың өлімі жайлы білген соң, Мәуереннаһрде Ұлықбектің жоғын пайдаланып, Әбілқайыр Самарқан маңына қашып кетті». Самарқан маңындағы Шираз ауылына жақындаған соң Әбілқайыр хан сарбаздарына егіншілер мен көшпенділердің мүлкін тартып алуға тыйым салатын «бұйрық» шығарды. Егістіктер мен тұрғындардың үйлеріне залал тигізбеуді ескертті, бұл бұйрықты бұзғандар «осы уақыттағы өлім жазасына» дейін жазаланатын болды. Самарқан қаласының хәкімі болған әмір Джалал-ад Дин Байазид ақсүйектермен, белгілі адамдармен, «байлық және жоғары шен» иелерімен, қала басшыларымен бірге Әбілқайыр ханға тарту жіберіп, бейбітшілік туралы өтініш жасады. Бірақ Кухистани одан әрі мәтінде Самарқан патшасы Ибраһим сұлтанның ұлы Абдаллах болғанын көрсетті. Бұл кезде Әбілқайыр ханға Бұхараны билеген Ақсақ Темірдің шөбересі Әбу Саид келді. Бұрын бұл темірші Самарқаны басып алуды көздеп, Абдаллахпен шайқаста жеңіліске ұшыраған болатын. Беймаза сұлтан Түркістанға қашып, Иассы қамал қаласын басып алды.

Темірлер империясы әлсізденіп орталықсыздандырылған соң көшпенді өзбектер тарапынан шапқыншылықтар көбейді. Орта ғасырлық автор Абдураззақ Самарқанди өзінің «Екі жарық жұлдыздың шығатын жері және екі теңіздің қосылатын жері» («Матла' ас-са'дайнвамаджма' аәбахрайн») атты еңбегінде Әбілқайыр ханның Орта Азияға жорықтарын тізіп шыққан: 834 ж. оқиғалар (1430–1431). Хорезм өңірінен аяқ астынан жаушы келіп, өзбек әскері тағдырын залымдықпен жасырып, бүлік шығарды, салдарынан қалың қол әскер бірден Хорезмге басып кіргенін жеткізді. Шейх Мәлік әмірдің ұлы Ибраһим әмір күш-қауқары жетпей, Қият пен Хиуаға кетіп

қалды. Уәзір Асылад-дин қожа қоршауда отыру үшін бәрін әзірлеп, соққы мен шайқас байрағын көтерді, бірақ соңында қалжырап өлтірілді.

Өзбек әскері Хорезмді алған соң зор бүлік салып, ойрандаған соң қайта Дешті-Қыпшаққа оралды. Бұл хабарларды есту Шаһрух үшін өте ауырға соқты. Ол сол өлкеге бірнеше әмірді тағайындады, бұл әмірлер батылдықтары мен ержүректіктерін көрсетіп, өзбек халқы мен ұлысына шабуыл жасады, сөйтіп, оларды өлтіріп, қалғандарын тым-тырақай қуып жіберді.

839 ж. оқиғалар. (1435–1436). Жәнімпаз Шаһрух хаканның Қарабақ Аррандағы қыстағы туралы әңгіме. Бұл кезде Хорезмнен елші келіп, Әбілқайыр оғланның Дештіден күтпеген жерден Хорезм маңына келгенін жеткізді. Шахмәлік әмірдің ұлы Мырза Сұлтан Ибрахим күресуге дәрмен таппай, қашып кетті. Оның құзырындағылар қажып, қаланы берді, ал қатыгез көшпенді өзбектер бүкіл облыс пен Хорезм қаласының ойран-топарын шығарды. Олар тағы жолға шығып, дала кезіп кетті.

844 ж. оқиғалар (1440–1441). Бұл жылы Астрабадтан шұғыл жаушы келіп, Дешті даласынан хабар жеткенін, әмір Қажы Жүсіп Жәлел өлтірілгенін айтты. Бұл сөздер былай түсіндіріледі: кейде өзбек әскерінің кейбірі казак сияқты болып Мазандеранға келіп, барлық жерлерді тонап, кері қайтқан. Шаһрух хақан жыл сайын бірнеше түмен басы әмірлер Мазандеранға барып, сол жақты бақылап, сол облыста қыстауларын бұйырды.

851 ж. оқиғалар (1447–1448). Шаһрух хақан жыл сайын бірнеше түменбасы әмірлер Журжан облысында қыстап, Дешті-Қыпшақ әскері мен өзбек қазақтарының іс-әрекеттерін бақылауды қатаң бұйырды. 855 ж. оқиғалар (1451–1452). Осы кезде сарай маңындағы қызметші нөкерлердің бірі өзбек патшасы Әбілқайыр ханның біраз уақыттан бері ашықтық танытып келе жатқанын, өзін достар қатарынан көретінін және ұлы мәртебелі Әбу Саид сұлтан рұқсат етсе, онда хан бақытқа бөленіп, Әбу Саидтың үзеңгілесі болатынын жеткізді. Бұл сөздері патшаға ұнап, ол нөкерлерінің бірін хан ордасына жіберіп, оның өтінішін қабыл ететінін жеткізді. Әбілқайыр хан мәртебелі тақсырдың өзіне көңіл бөлгенін пайдаланып, жылдам

атқа қонып, жоғары ордаға қосылды. Әбу Саид мырза сұлтан құрмет көрсетудің барлық жөн-жоралғысымен қарсы алып, істерді шешумен және халықтың мұң-мұқтаждықтарын ретке келтірумен айналысты. Әбілқайыр ханмен бірге Самарқаны жаулап алуға әзірленді. Ясы қаласының маңынан олар Ташкент пен Ходженд өңіріне келді. Бұл туралы білген Сұлтан Абдаллах мырза үлкен қол бастап, олармен соғысуға аттанды.

864 ж. оқиғалар (1459–1460). Көктемнің алғашқы айының басында қалмақ және Дешті-Қыпшақ жерінен ұлы елшілер келіп, ұлы әмірлердің көмегімен Әбу Саидтың аяғын сүю құрмегіне ие болды және оған өздеріне берілген тапсырманы баяндады. Әбу Саид оларға тарту-таралғылар жасап, патшалық көңілін білдіріп, құрмет көрсетті... қалмақ елшілері мен Дешті-Қыпшақ патшаларының, Мұхаммед халилдің елшілеріне барынша көңіл бөліп, оларға ілтипат білдіріп хат жазды, бәрін оралуға шақырды.

869 ж. оқиғалар (1464–1465). Жұмадидің орта кезінде жоғары ордадан әмірлер Хорезм маңында тұтқынға алған, Гератта біраз уақыт тұтқында отырған өзбек ханы Әбілқайыр ханның ағасы Сейіт Иеке сұлтанды жоғары ордаға жіберу туралы патша жарлығы шықты. Үзбей Құран оқитын бұл жас жігіттің мінезі мен сенімі ерекше көркем еді.

Абдураззақ Самарқандидің еңбегіне сүйенсек, 1430–1431 жж. (шілде-тамыз), 1435–1436 жж. (сәуір-мамыр) 1440–1441 жылдары Хорезм мен Самарқанға алты жорық жасаған. Орта ғасырлық жылнамашы болған оқиғалардың жылдары туралы ғана емес, нақты күні мен айын қоса көрсеткен. Әбілқайыр ханның Самарқанға келуі туралы оқиғаны жеке атап өткен жөн (1451 ж. ақпан – 1452 ж. қаңтар). Бұл мәліметке сүйенсек, көшпенді өзбектер билеушісі Әбу Саид сұлтанмен одақтас болуға өзі тілек білдірген: «Әбілқайыр хан ұлы мәртебелінің көңіл бөлгенін пайдаланып...

жылдам атқа қонып, ұлы ордаға қосылды». Бірақ басқа жылнамашы Масуд Кухистани бұған дейін басқа Абдаллахтан (Мырза Сұлтан Абдаллах) жеңілген Ақсақ Темірдің шөбересі Әбу Саидтың Дешті-Қыпшақ билеушісіне жүгіргенін жазады, бұл алдында «Матла' ас-са'дайнвамаджма' әл-бахрайнда» көрсетілген деректерге қарама-қайшы. Әбу Саид көмек

сұраушы болды деген нұсқасы шындыққа жанасады. Сонымен қатар Әбілқайырдан басқа Темір Хусейн сұлтан да көмек сұраған. Самарқандидің хабарлауынша, 1459 жылдың желтоқсанынан 1460 жылдың 29 қаңтары аралығында Әбу Саидқа «Қалмақ пен Дешті-Қыпшақ жерінен ұлы елшілер келген, ұлы әміршілер арқылы ұлы мәртебелінің аяғын сүю және оған тапсырмаларын баяндау үшін» келген. Бірақ бұл жерде Самарқан маңында болған қандай да бір ұрыс туралы мәлімет жоқ әрі елшілерге «жылы шырайлы» қабылдаудан соң «қайтуға рұқсат етілген». «Қалмақ жері» деген сөздің өзі орта ғасырлық діншілдердің ойынша «нашар мұсылман» болған дала тұрғындарына арналған болуы мүмкін. Әбілқайыр ханның ағасы Сейіт иеке сұлтан туралы еске алудың өзі оның 1464 жылдың 31 қарашасына дейін «Хорезм маңында» тұтқынға алынған дерегімен қызықты. Сондықтан бұл Сейіт иеке сұлтан Орта Азия аймағына қандай да бір жорықтарға қатысқан болуы мүмкін. Әбу Саидтың бұйрығы бойынша тұтқынға алынған өзбек босатылып, Әбілқайыр ханға қайтарылды. Дешті-Қыпшақ билеушілерінің туған аға-інілері болмады, сондықтан бұл адам ханның туысқандарының бірі ғана болуы мүмкін еді. Темір мемлекетінде өзара алауыздық күшейген кезде Әбілқайыр Дешті- Қыпшақ даласында болған тәрізді. Сонымен қатар ол Сібір маңына оралған болуы да мүмкін. Бірақ қалай болғанда да Әбілқайыр хан мен Әбу Саид сұлтан Самарқаны басып алу мақсатында әскери одақ құра алды.

«Жоғары мәртебелі хан», – дейді жылнамашы Масуд Кухистани, – «жауынгер нөкерлерін жинап алып: «Самарқан қаласы бос, Мырза Ұлықбек Хорасан мен Иракқа бағыт алды, мен шешім бағытын құдай қорғап отырған қала Самарқан жағына бұрғым келеді», – деген. Одақтастар әскерінің алдыңғы шебінде тағы да Бақтияр сұлтан болды. Әбілқайыр жасағының құрамында күсші, ұйғыр, қоңырат, найман, бүркіт, үйсін, маңғыт (ноғай) және тағы басқалары тәрізді көрнекті жетекшілер (рубасылар) болды. Таныс тұлғалардан бұл жорық кезінде бір кездері Әбілқайыр ханды құтқарған маңғыт Сары Шиман, сондай-ақ Жұмадық бай болды. Барлық көрнекті қолбасшылардың арасынан жылнамашылар Қирай биді атайтыны назар аудартады. Мүмкін, бұл қолбасшының болашақ

қазақ ханы Керейге қатысы болған. Кухистани атап өткендей, одақтастар әскерлері Нисан айында еш кедергісіз даланы кесіп өтті. Одан соң деп жазады автор, әскер «тозақтай» шөл даланы «құдайдың көмегімен» және жеңіл басып өтті. Бұл тіршілік белгісі жоқ. Бетпақдала немесе Қарақұм болуы әбден мүмкін. Сол кезде Самарқан пен Мәуереннаһрдың Набуда мен Бадахшиана тәрізді басқа да қалаларының билеушісі Абдаллах өзінің жақтастарына Темірдің қазынасын таратып беруді бұйырды. Одан соң сән-салтанатпен киініп, өз әскерімен Әбілқайыр ханмен ұрысқа кетті. Абдаллахпен шайқас Ширазмаңындағы Бұлағыр өзенінің бойында болды. Жылнамашы Кухистани мынадай мәліметтер қалдырды: «Құмырсақдай қаптаған ержүрек жауынгерлерден құралған екі әскер бір-біріне асықты... (Таң атқан соң дұшпанның сарбаздары бір-біріне қарап тұрды. Әр жақтан барабандар соғылып, сырнайлар тартылды)». Абдаллахтың қолы шағатай ұлысының жауынгерлерінен құралды. Олар туралы Кухистани былай деп жазады: «Шайқас басталды. Ержүрек жауынгерлер жаужүрек сарбаздардың күшінен шайқасушылардың бастары шар тәрізді шайқас алаңына құлап түсіп жатты... дұшпанның денесіне киген сауыттары отқа жанған қағаздай қаусап жатты... Соғыс алаңы жусап жатқан жау әскерлерінің денесінен аққан қанға малынып, қып-қызыл түске боялды, қан судай ақты...». Самарқан әскері көшпенді өзбектермен шайқаста жеңіліп қалды. Қашып бара жатқан Абдаллахты ұстап алып, Әбілқайырдың бұйрығы бойынша қамалдан лақтырып жіберді. Ол қазіргі күнтізбе бойынша 1451 жылдың 10 маусымында қаза тапты, ал «ал жауынгерлер мен палуандардың көбі көк билеушісінің қызметкерлері мен малайларының тұтқындарына айналды», – дейді Кухистани. Шайқас аяқталған соң Әбілқайыр хан Самарқанға бет алды. Ол Әбу Саид сұлтанды қала басқарушысы етіп тағайындады. Орта ғасырлық автор Қожамқұлы бек Балхидің басқа мәліметтері бойынша темір Мырза Абдаллах 1461 жылы өлтірілгенін атап кеткен жөн. Әбу Саид сұлтан Әбілқайырға көп байлық тартып, Ұлықбектің қызы Рәбия сұлтан бегімді оған әйелдікке берді. Кейбір мәліметтер бойынша аса Темір әулеті өкілі өзбектерді қайта Дешті-Қыпшақ даласына жылдам қайтармақ болған, өйткені көшпенділердің

қуатты әскерінен сескенген. Бірақ уақыт өткен соң Әбілқайыр хан бәлкі Түркістан немесе Сығанақ арқылы отанына оралады. Сол кездегі Дешті-Қыпшақ билеушілерінің әдеті бойынша ұзақ уақыт даланы кезіп кетіп, сонда тұрған, ал көшпенді Орда-Базарлар оның соңынан жүрген.

24. Дешті-Қыпшақ ханзадасының қайтыс болуы

Мұхаммед Шайбанидің тапсырмасы бойынша (Шахбахт) Әли Бинаи ретінде танылған ғалым Камал ад-Дин (Шир) Әли Бинаи Устад Мұхаммед хан (сабз) ми'мар Харави «Шайбани-намэ» атты әйгілі еңбекті жазды. Кейінгі сарапшылар (А.Самойлович, М.Салье, С.Ибрагимов, Б.Ахмедов) атап өткендей, бұл кітап парсы тілінде жазылған, әрі автор шағатай тілін білмегендіктен, өте көп қате жіберген. Соған қарамастан, Әли Бинаидың еңбегінде Әбілқайыр ханның үлкен ұлының қайтыс болу себебін түсіндіретін жерлері бар, бұл оқиға кейіннен Дешті-Қыпшақ аумағының едәуір тұрақсыздануына әкелді. «Хазраттың (Мұхаммед Шайбани) әкесі – Әбілқайыр ханның баласы хан Шейх Бұдағ сұлтан туралы әңгіме» тарауында ол былай деп жазады: «Хазраттың [Мухаммед Шайбани] шешесінің аты – Ақкөз биім. Ол Алтан хан әулетінен. Оның [Шейх Бұдағ сұлтаннан] екі ұлы болған, бірі – Хазрат Хан. Бұзырық Сұлтан Мұхаммед Шайбани есімін берген, лақап аты – «Шахбахт».

Сегіз жүз елу сегізінші жылы (1454 жыл) басқа ұлы туған; Бұзырық хан оны Махмұд сұлтан деп атаған және оған «Баһадүр» деген лақап ат берген. Бұзырық хан екі жас сұлтанды қатты жақсы көрген». Бұл жағдайда Әбілқайырдың үлкен ұлы Шейх Бұдағ сұлтанның қайда және қашан қайтыс болғанын анықтаудың маңызы зор. Махмұд Шайбанидің туған күніне сүйенсек, егер ол 1454 жылы туған болса, онда Шейх Бұдағ сұлтан екінші ұлы туған соң, шамамен 1455 және 1456 жылдардың арасында көз жұмған. Әбілқайырдың үлкен ұлы Шейх Бұдағ сұлтанның қайтыс болған жері Мұстафамен ұрыстар болған Атбасар өзенінің маңы немесе Ұлытау тауларындағы көшпенді өзбектердің ордасы аумағы болуы

мүмкін. Оны өлтіруде ноғай мырзаларының қатысы бары белгілі, сонымен қатар жас сұлтан Керейдің қатысты болуы мүмкін (Т. Сұлтанов). Сол кезде қалмақ ханы Өз Темірмен Сығанақ қаласына жақын маңда, Түркістан округінде шайқас болды. Көптеген тарихшылар Шейх Бұдағ сұлтан осы ұрыста қаза тапқан деп көрсетеді. Бірақ қалай болғанда да Әбілқайыр ханның кіші немересі Махмұдтың туған жылына қарау керек. Зерттеуші Т. Сұлтанов Шейх Бұдағ сұлтан «әкесінің тағын қорғаймын деп» қайтыс болды дейді. Бұл себепті қабылдау керек, өйткені Дешті-Қыпшақтың басқарушы билігінің арасында салмақты бір керіс болған. Мұның себебі әскери жорықтар кезінде тонап алынған олжаларды бөлісуге қатысты немесе әскерді басқару үшін дау-дамайлар туындауынан болуы мүмкін. Орта ғасырлық жылнамашылардың бірде-бірі Әбілқайыр ханды тағынан аударуға тырысқандар туралы жазбайды. Демек, бұл кикілжіңнің басқарушы элита ортасынан тыс туындағанын, тіпті, дау-дамайдың қандай да бір мерекеде туындаған болуы мүмкін екенін білдіреді. Кез-келген салмақты әскери қақтығыс туралы ежелгі тарихшылар міндетті түрде жазар еді. «Фатх-намәде» мынадай үзінді бар: «Хижрадан соң сегіз жүз жетпіс төрт жыл болған соң Будақ сұлтан бұл дүниемен қош айтысу үшін өз жүгінен ажырады». 1459 жылдың қыркүйек айынан 1460 жылға дейінгі бұл дата Әбілқайыр ханның ұлы өлтірілген оқиға болған уақытқа сәйкес келеді. Бұл қылмыстың салмақты себебі көрнекті әмірлердің өз басшысының саясатына көңілдері толмауы болды. «Бахр әл-асрарда» айтылғандай, өш алу мақсатында Әбілқайыр хан «Дешті-Қыпшақ еліндегі Жошы ұрпақтарынан шыққан бірқатар ханзадаларды қырып-жойып, ол жұртты түрлі өлкелерге таратып жіберген». Шейх Бұдағ сұлтанның өлімі Керей мен Жәнібектің Моңғолстан жаққа бет алуына себеп болуы әбден мүмкін (С. Әкімбеков). Мынаны айта кеткен жөн: астыртын сөз байласқан маңғыт бектері Дешті-Қыпшақтың батыс бөлігіне кеткен.

Әбілқайыр ханның қаза тапқан үлкен ұлының есімі Өз Темір қалмақтармен болған соғыс жылнамаларында айтылмағандықтан, ол 1457 жылға дейін өлтірілуі мүмкін. Сондай-ақ, ол туралы Дешті-Қыпшақ билеушісінің кішкентай

немересі ойраттарға аманатқа (кепілдікке) берілген кезеңінде де ешқандай мәлімет жоқ. Бұл оқиғалар Махмұда бен Әмір Уәлидің «Бахр аль-асраре» еңбегінде баяндалған: «Абулхаир хан Дешті-Қыпшақ облыстарында өз ағаларының ұлдарына үстем болғаннан кейін Тоқай-Темір ханның, Жошы хан ұлының кейбір ұрпақтары, мысалы, әкелерінің аттары Тоқай-Темірден [шыққан] хақандар атауларының тізімінде егжей-тегжейлі атап өтілетін Керей хан мен Жәнібек хан, бағыну мен бойсұну шеңберінен шығып, туған жерінен кеткен екен. Олар [атабабадан] мұраға қалған елден бас тартып, жат елге [апаратын] жолға түсті. Атақты адамдар тобымен олар Моғолстанға апаратын жолды таңдаған».

Тарихта қызықты оқиғалар жиі болып тұратын. Қанды кек себебінен Әбілқайыр хан ұлысынан қоныс аударған Жәнібек пен Керей хандары, кейін өздерінің бұрынғы басшысының жеңілгені үшін қалмақтардан кегін алған. XV ғасырдың өзінде Дешті-Қыпшақ әміршісі жеңілгеннен кейін бірнеше жылдан кейін Түркістан және Балқаш маңынан жаудығыстырып, жау бірнеше қатал жеңіліске ұшыраған. Орта ғасырлық хронисті Қожамқұлы бек Балхи Әбілқайыр ханның Мәуереннаһрды игеру ниеті, Ұлықбек және оның ұлы Абд ал-Латифа Мырза өлімінен кейін пайдаланып отырғанын атап өтеді.

Әбілқайыр ханның көптеген әскери жорықтарының жүріп-тұру бағыттары түрлі векторлы болды; ол солтүстікке қайтып, солтүстік-шығысқа бет алып, содан кейін Үргеніш пен Самарқанға барды. Бейнелеп айтқанда, көшпелі өзбектер Ұлытау таулары мен ірі Түркістан қаласының маңында айналып жүргендей, міне, сол себепті, кейінгі авторлар Қазақстан тарихының сол маңызды кезеңінің шайқасу уақытымен орналасу жерлерінде жиі шатастырады. Бірақ Әбілқайыр хан Ұлытауға немесе қыпшақ астанасы Сығанаққа үнемі қайтып отырғаны белгілі болған. Сондықтан оны қайбір жерде емес, осы қалада немесе жақын маңда жерлеген.

Түркі тарихының терең білгірі, академик Василий Бартольд Әбілқайыр хан әскерлерінің Самарқанға және Хорезмге жорықтары туралымыналарды көрсетті: «Темуридтер даладан шыққан өзбектер болған басқа түріктермен күресте қаза тапты. Өзбектер шағатайларға қарағанда Иран қалалық

мәдениеттің ықпалына аз түскендіктен, көп жағдайда көшпенді мінезді сақтады». Бірақ Орта Азияға қоныс аударған дала тайпалары біртіндеп, ұзақ жылдар бойы жергілікті халықпен араласып, сол арқылы олардың мәдениетін қабылдады. Қыпшақтың тілі парсы тілінің күшті ықпалына түсті. Сондықтан, В.Бартольд жазған дала батырларының данқты ерліктері туралы түркі қаһармандық эпостары, аңыздар, негізінен қазақтар мен ноғайларда сақталған. Осы уақытқа дейін «Едіге», «Қобыланды», «Алпамыс», «Қази-Мамай», «Ер Тарғын» туралы ежелгі әңгімелер осы халықтарда өте танымал. Әрине, көшпелі өзбектердің шабуылдары нәтижесінде теуридтер толығымен жойылған жоқ. Белгілі қолбасшы Бабыр өз жақтастарымен парсы және Үндістан жағына қарай жылжыды. Сол жерде, оңтүстікте, олар әлемге әйгілі Моғолдар империясын құрған.

Пайдаланылған әдебиеттер мен мұғалімге ұсынылатын көмекші құралдар:

1. АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ: (елтанымдық және тілтанымдық жинақ). Құрастырған Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек. Астана: «Руханият», 2010 ж. - 264 бет. ISBN 978-601-80133-1-7
2. Қазақстан тарихы. - Алматы, 2001
3. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс»баспасы, 2002 жыл. ISBN 9965-607-02-8
4. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2
5. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
6. Большая советская энциклопедия. Т. 3. — М.: Изд-во «Совет. энц.», 1970.
7. Парунин А. В. Политическая эволюция улуса Шибана во второй половине XIV – первой четверти XV вв. (рус.) // XV Сулеймановские чтения: материалы Всероссийской научно-практической конференции (Тюмень, 17-18 мая 2012 года) : сборник. — Тюмень: ТюмГУ, 2012. — С. 131-136.
8. Татарская энциклопедия. Т. 1. — Казань: Ин-т тат. энц., 2002.
9. А. Кузембайұлы, Е. Адиль. История Республики Казахстан, — Астана, 2002 г.
10. А. Бүркітбай. Әбілқайыр хан – Дешті Қыпшақтың соңғы билеушісі, «Алтын кітап баспасы». – 2020 ж.

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**



Электрондық почта: innovation.kz@bk.ru